



'Атамұра'  
мектеп кітапханасы

Мұқағали  
Мақатаев

Үш бақытым



"Атамұра"  
мектеп кітапханасы



Мұқағали Мақатаев

# Үш бақытым

Өлеңдер, поэмалар



Алматы  
«Атамұра»  
2014

УДК 821.512.122  
ББК 84 (5 Қаз)-5  
М16

Құрастырған Кәдірбек Сегізбайұлы

**Мақатаев М.**

**М 16 Үш бакытым.** Өлеңдер, поэмалар. Құраст. К. Сегізбайұлы – Алматы: Атамұра, 2014. – 192 бет.


ISBN 978–601–282–893–1

Жыр дүлдүлі, аса дарынды акын Мұқағали Мақатаев поэзия көгінен құйрықты жұлдыздай ағып түскенімен, оның өлең-жырларының жарық сәулесі уақыт керуені алға жылжыған сайын жарқырай бермек. Акынның жан-дүниесі, бітім-болмысы – бар жаратылысы өлеңнен өріліп, жырдан жаралғандай.

Кітап мектеп оқушыларына арналған.

52555

УДК 821.512.122  
ББК 84 (5 Қаз)-5



© Мақатаев М., 2014  
© «Атамұра», 2014



# Жаздың таңы



# ӨЛЕҢДЕР

---

---

## МЕНИҢ ОТАНЫМ

Таулар,  
Сулар,  
Аралдар.  
Ағайын-туған адамдар.

Камыстар,  
Шилер,  
Бейіттер.  
Қажыған күйлер,  
кейіптер.

Борандар,  
Бұлттар,  
Жауындар.

Тоналған  
Жұрттар,  
Ауылдар.

Қуарған,  
оңған  
Далалар.

Суаттар,  
нулы жағалар.

Шуактар,  
шулы балалар.

Жаздар,  
Қыстар,  
Көктемдер.

Қаздар...  
Құстар өпкен жер...  
Жылғалар,  
Көлдер,  
Бұлақтар.

Тырналар,  
    Дөндөр,  
            Лактар.  
Аскарлар,  
    Қырлар,  
            Биіктер.  
Арқарлар,  
    Құрлар,  
            Киіктер.  
Қырандар,  
    Түндер,  
            Перілер.  
Жыландар,  
    Құздар,  
            Түлкілер.  
Ұландар,  
    Қыздар,  
            Күлкілер.  
Қайғылар,  
    Мұндар,  
            Бакыттар.  
Айтылар сырлар,  
    Уакыттар...

## ДАЛА ДАНЫШПАНЫ

Дала жатыр өн бойы тұнған өлең,  
Абай, міне, жапанда тұрған емен.  
Ата сөзі тербеткен бесігімді,  
Ата сөзін өмірде тындап өлем.

... Ұлы емес Абай жалғыз сахараның,  
Мен емес, солай деген аталарым.  
Сол ұранды ұрпаққа апарамын,  
Мен қазақ – Абай болып атанамын.

Уһ, дала!  
Дала толған көл-көсір жыр,  
Дала – қобыз, тұтпайды пернесін кір.  
Тірі Абайды әлдиле, дархан далам,  
Өлең селі өңірінді тербесін бір.

Дала, дала...  
Сал дала селеулеген,  
Жырмен ұйықтап, оянған өлеңменен.  
Дала деген – күйсандық бұл қазаққа,  
Абай десе, құлағы елендеген.

Жылдар, жылдар...  
Қаншама алыстадың,  
Қаншама өзен өзгертті ағыстарын.  
Уақыт озды, сен бірақ қалыспадың,  
Уа, армысың, арысым, данышпаным!

## САҒЫМ

Есімде ессіз менің бала шағым,  
Болмасқа әжемменен таласамын.  
Қиыры жоқ даланың сахнасында,  
Сағым болып ойнайтын болашағым.

Теңіз болып жер беті тербелетін,  
Қыбыр-қыбыр дүние сенделетін.  
Таулар алып кемедей жүзетұғын,  
Желпіндіріп желкені желге бетін.

Сикырлы сан мың сәуле төгілетін,  
Сан мың өрнек сәнімен өрілетін.  
Көз ұшында мазарлар көтеріліп,  
Тәжі-Махал сияқты көрінетін.

Сағым ойнап тұратын көпке дейін,  
Бірде жылжып, шегініп шетке кейін.  
Көрші ауылдар ғайып боп алыстайтын,  
Аңсап өткен моллалар Меккедейін.

Табиғат сикырына аңырғамын,  
Аңырғамын, алысты сағынғамын.  
Жокқа сенгіш сәбилік қайдан білсін,  
Сағымнан әрі тағы сағым барын.



## РАҚМЕТ, ДАЛА

Дала, рақмет саған,  
Асырдың-ау даңқымды,  
Қуанттың-ау халқымды,  
Алып төсіңе алып қазан орнатып,  
Сапырдың-ау алтынды.  
Пай-пай, неткен маңғаз едін  
Білмейтұғын шалқуды.

Тұрсаңшы,  
Билесеңші бізбенен.  
О, менің Жерұйығым,  
Асан атам іздеген!  
Қатыгез кездерінде  
Қасиетті халқым сенен күдер үзбеген.  
Сенен бақыт іздеген,  
Тұрсаңшы,  
Тойласаңшы бізбенен.

Тұрсаңшы,  
Көрсенші кеудендегі кереметті.  
(Нелер келіп, басыннан нелер өтті...)  
Самалдап, бір жамбастап жатарсың тек,  
Ырысқа орап қойып төңіректі.

Билесің бе, Дала?  
Біз сені  
Жүрегімізбен жылыттық,  
Ащы терімізбен суардық.  
Сен үшін бәрін де ұмыттық,  
Ұмыта жүріп қуандық.

Дала, рақмет саған!  
Білмеймін ғой, сүймейсің босқа шуды.  
(Есімде, даурықпадан жалыққаның)  
Қан төкпей-ақ тер төгіп достасуды,

Ұлы Далам, тағы да анықтадың.

Ұлы Далам, не деген керім едің,  
Жаратқан ғой бағыма сені менін.  
Дүбірлетіп, әнеки, бара жатыр  
Алтын артқан шаңқан боз керуенін.

Дала, рақмет саған!  
Ырыс қосып жатырсың ырысыма,  
Ағыл-тегіл жүректен нұр ұшыра,  
Алтыныңды толтырып уысыма,  
Дала, рақмет саған!

\* \* \*

Онай сөз ғой “Отанды сүйем” деген,  
Не тындырдың “басымды иемменен?”  
Онай сөз ғой, құрбым-ау, онай сөз ғой,  
“Отан үшін өлемін, күйем” деген.

Өлім деген ерліктің қорегі ме?  
Өлмей-ақ қой, бос сөздің керегі не?..  
Егер Отан сынсыған орман болса,  
Жапырақ боп жармастық терегіне.

Самалы бол, Отанның салқындаған,  
Сандуғаш бол, сайратсын алтын далан.  
Семсері бол, Отанның қынабында,  
Сертке ұстаса, селт етпей жалтылдаған.

Шетсіз, шексіз, киырсыз ұлы дала,  
Шуақ болып шашылмай жылына ма?  
Сүй Отанды! Шыныңмен сүйіп өт те,  
Гүл боп кадал ойына, қырына да.

“Жүз толғанып, күніне мың ойласам”,  
Ақ басты алып анаммен шырайласам.  
Қалай оны сүйем деп айта аламын,

Бiрге кiлiп, қуанып, мұнаймасам?!

... Онай сөз ғой “Отанды сүйем” деген,  
Ис тынбайды “жанамын, күйемменен...”  
Өгей әке емес қой Отан деген,  
Отанды мен Атамдай иемденем.

\* \* \*

Қарлығашым, келдің бе, қаршығадан саумысын?  
Аман-есен жеттін бе, айыр құйрық нау-құсым?  
Оралдың ба тағы да өзін өскен ұяға,  
Оралдың ба, сүйіктім, екеуің де бармысын?

Қарлығашым, бұ қалай, қайда кеткен серігің?  
Зияны жоқ, зиялым, өкпелетті сені кім?..  
Түсінікті, сүйіктім, түсінікті, айтпа енді,  
Тұмар құсым кеткен-ау тырнағында перінін.

(О жылы біз ауылда онаша үйде тұрғанбыз),  
Жаз да өтіп барады, қарлығашым жүр жалғыз,  
Көзді ашып-жұмғанша көсеуін ап қолына,  
Жетіп келді бір күні жел үрлеген сырдан күз.

Ғанибет қой, шіркін-ай, шуылдасаң ұлардай,  
Қиын екен жалғыздық, қияда өскен шынардай.  
Жалғыз қайтты сол жылы, жалғыз қайтты жыл құсы,  
Жұмыртқа да таба алмай, балапан да шығармай.

Қарауытып көз алдым, қарап тұрмын досыма,  
– Қарлығашым, қайта орал мекеніңе, шошыма.  
Әжем менің күйбеңдеп, күбірлеп жүр аулада,  
– О, бәтшағар өмір-ай, өмір дейтін осы да!..

## ОТАН

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,  
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем.  
Мен оның қасиетті тілін сүйем,  
Мен оның күдіретті түнін сүйем.

Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,  
Бәрі маған: “Отан!” – деп сыбырлаған.  
Жаным менің,  
Кеудемді жарып шық та,  
Бозторғайы бол оның шырылдаған!

Отан!

Отан!

Бәрінен биік екен.

Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем.

Отанды сүймеуің де күйік екен,

Отанды сүйгенің де күйік екен.

\* \* \*

Кең дүние, төсінді аш, мен келемін,  
Алынбаған ақым бар сенде менің.  
Бұйрат құмдар – бұйығып шөлдегенім,  
Бура бұлттар – бусанып терлегенім.

Аспанындай кей сәтте күрсінемін,  
Жас талындай жауқазын бүршік едім.  
Кең дүние, керемет қалпыңменен,  
Жүрек болып кеудеме кірші менің.

Байтақ ел, балауса тау, бозаң далам,  
Секілді бәрі менен көз алмаған,  
Кең дүние, кенде етсең сыбағамнан,  
Шырылдаған сәбидей мазанды алам.

\* \* \*

Сен менің жүрегімді жазалама,  
Шыдайды ол қуанышқа, қазаға да.  
Жүрек деген – сезім ғой, сезіміме,  
Сезіммен кел. Болмаса мазалама.

## БІЗДІҢ КӨКТЕМ

Көктем келді ауылға, мамырлап бұлт,  
Таң-тамаша дүние, дабырлап жұрт.

Көктем келді. Өмірдің келешегі,  
Көкпен бірге дүркіреп төл өседі.  
Сағым қыздың ап қашып орамалын,  
Асыр сап тентек жігіт – жел еседі.

Көктем келіп ауылға қыз көрікті,  
Таң-тамаша дүние жүзге еніпті.  
Асқар ала таулардан асып әрі,  
Аяз атаң барады мұз бөрікті.

Көктем, көктем! Қыз-көктем ауылдағы!  
Өлең-жыр, әзіл-күлкі ауыл маны.  
Тиянақ таппай ұшқан көк көбелек,  
Көк гүлге қонды дағы дамылдады...

## ТАҢ АЛДЫНДА

Айдың да кеткісі жок көк бетінен,  
Табандап жатып апты етпетінен.  
Күн түнге таннан хабар айтып еді,  
Жұлдыздар үркіп кетті бет-бетімен.

Асылып ақ Шолпанға түн құшағы,  
Калуға таңмен бірге тырмысады.  
Жердегі емес, көктегі ғұмырлар да  
Қалайды-ау, сірә, бәрі Күнге ұксауды...

## ҚАРАСАЗ

Мен бақыттымын,  
Бақытты жерде туылдым.  
Айналайын Қарасаз,  
Қасиетінен суыңның!

Сенің әрбір бұлағын  
Менің әрбір қан тамырым емес пе?  
Қасиетті тұрағым,  
Қасиетінен суыңның!

Көктемде үйрек ұшып, қаз қонып,  
Қараушы едім тырнарға мәз болып.  
Жыр қыстап туылмас ем, сірә, мен,  
Жаралмасаң өзін Қарасаз болып.

Сонау жатқан жасыл тауды көлденен  
Алғаш рет ес білгенде көрген ем.  
— Асқар таудың ар жағында ел бар, — деп  
Әжем айтса, әй, сәбилік, сенбегем.

Қарасазым!  
Айтылмаған сөзім ең,  
Мен іздеген бақыттың сен өзі ме ең?  
Сенің ғажап табиғатыңды кімге айтам,  
Кім құмартса, өзі көрсін көзімен...

## АЯКӨЗ-АРУ

Аякөз,  
сірә,  
аядай бұлақ көзі емес,  
Аяулы, сірә, қыз болар.  
Ақиқат бағып,  
анықтап жатар кез емес,  
Белгісіз, досым,  
белгісіз түр ғой бізге олар.

Белінде мынау  
берігіп жатқан қырлардың,  
Бейіттен бөлек,  
белгісі жок-ты қыздардың.  
Кезінде, сірә, қызғалдақ болып гүл жарды,  
Түндігін тесіп туырсып жатқан мұз-қардың.

Бүр жарды,  
Кетті.  
Өмірді мәңгі мансұқ кып,  
Соларды іздеп,  
соларды талай қаңсыттық.  
Қойғаны-ай, шіркін,  
өмірдің қатал заңының,  
Оларды бізге,  
оларға бізді Таңсық кып.

Аякөз – деген –  
аядай бұлақ деседі.  
(Жұрттарда қалған жұмбақты кімдер шешеді?)  
Аягөз болып  
ғасырлар алға көшеді,  
Ая, көз, ая, – Арулар елі кешегі!



Бір әңгіме қозғашы ауыл жайлы,  
Бұдан артық рақат табылмайды.  
Бұлдырасын өткен күн сағымдай бір,  
Бір әңгіме қозғашы ауыл жайлы.

Қар да ілігіп қалған-ды тау басына,  
Мүз тонды ма бұлақтың жамбасына?  
Суық келіп, суыр да жатқан шығар,  
Қамдап алып азығын камбасына.

Төрт түліктен төгілген шалқар әнді,  
Ұзатқан-ды, жайлау да тарқаған-ды.  
Ескі жұртты тіміскіп, қорқау әлгі,  
Қажалап та жүрген-ді қаңқаларды.

Сағыныштай сарғайып жанды ма күз,  
Сары шәйі жамылып алды ма түз?  
Қурайларын сынсытып сыбызғыдай,  
Қанбағы ұшып, қанырап қалды ма аңыз?

Әңгімеле тауын да, даласын да,  
Қырқасын да, сайын да, саласын да.  
Ақбоз үйдің түндігін желпілдетіп,  
Қонды ма кеп қойлы ауыл Қарасуға?

Қарасуға қосылып тұна барып,  
Жатқан болар іргеде бұлақ ағып?  
Арып келіп, тойынып қайтқан болар,  
Топ тырналар аспанға сына қағып?

Үйім – Халқым.  
Халқыма еркелеймін.  
(Мен – кедеймін),  
Бүлдірсем бірдемесін,  
Мен төлеймін.

Үйім – Тауым.  
Тауыма сүйенемін.  
(Жок болса, сүйенерім),  
Келеді тауымды да күйелегім.

Үйім – Ордам.  
Ордамда сайрандаймын.  
(Болмаса сайран дәйім),  
Мінгескен Көтібарға Аймандаймын.

Үйім – Отаным!  
Отаннан жай табамын.  
Отанға не айта аламын,  
Отанға не айта аламын?

## АРМАНДА, ҰЛЫМ

Кім боласың?  
Кандай өмір сүресің?  
Ол – өзіннің үлесін.

Ақылымды тыңда, мейлің, тыңдама,  
Тілегім бар бір ғана:  
Шығып ал да арманыңның шыңына,  
Сосын, мейлі, ұшып өл де, сырғана.

Болса ақылың біл мынаны: жалғанда,  
Жолай көрме арманы жоқ жандарға?!  
Арманда, ұлым, арманда!  
Арманда, ұлым, ақтық демің қалғанда!

Бүкіл өмір, бүкіл дүние, бар жалған,  
Жадында ұста, жаратылған арманнан!  
Өмірінің аяғы жоқ, басы жоқ,  
Өлген артық армансыз боп қалғаннан.

Айтқанымды жөн де, мейлі, жөн деме,  
Арманда, ұлым, қия деме, өр деме.  
Шығып ал да арманыңның шыңына,  
Қира мейлің, күйре мейлің, дөңгеле.

\* \* \*

Шалғының жүзін жанытып алып қарттарға,  
Таласып біздер, тамызда пішен шапқанда.  
Сылк түсер еді балауса шалғын сол жаққа,  
Қолтығынды ашып, құлаштап тұрып тартқанда.

Құлаштап бірге, сілтесіп бірге, бірге адым,  
Орғанда, шіркін, шалғынын бойлап жылғаның.  
Түзелер еді шалғышылардың ырғағы,  
Үнімен бірге аспанда ұшқан тырнаның.

Жок еді бізде біреуін-бірі жат бұру,  
Қалғанды кекеп, озғанға карап аптығу.  
Дыбысын бағып масаның оркестрінің,  
Бөріміз бірге жасайтын едік жаттығу.

Арымыз тұтып атадан қалған әдетті,  
Пайдаға біздер асырушы едік әдепті.  
Шалғымен бірге шалғын боп біз де ырғалып,  
Жасайтын едік байсалды, әсем балетті.

Өрекіп бұлттар, өткенде сахна-даладан,  
Сақтан деп аспан соққанда дойыр-барабан.  
Бұғынушы едік, бөріміз бірге паналап,  
Балапан құсап, ұямыз бір түп қараған.

Басылар еді, ашылар еді күн кенет,  
Аспаннан шұғыла шашылар еді бір бөлек.  
Бітпейтін біздің балетіміздің жалғасы,  
Қосылар еді қостағы қою түнге кеп.

\* \* \*

Ақбақай дейтін көл екен,  
Аймағы тегіс гүл екен.  
Аймалап атамекенін,  
Қызғыштар қорып жүр екен.

Саралжын жері дүр екен,  
Сары алтындардың бірі екен.  
Салттары мүлде ірі екен,  
Азаматтары да ірі екен.  
Махамбет пенен Мұхиттар,  
Тірі екен, әлі тірі екен!!!

Апырмай,  
Туған жер-ай!  
Тендесер кім,  
Бұл жерге сен болмасаң, келмес едім.  
Кіндігімді байлаған қазығым-ай,  
Сен болмасаң, бұл маңды көрмес едім.

Жат көзімен қарайды адамдарың,  
Жақын тартар құрбы да таба алмадым.  
Жас отаудың есігін ашып қалып,  
Айлам құрып, қайыра жаба алмадым...

Кел демеді, немесе кет демеді,  
Несін маған, білмеймін, өкпеледі?!  
Сені сүйген жүректі, туған өлкем,  
Сен өсірген біреулер жек көреді.

Туған елім,  
Көрмесем сағынамын,  
Кетсем ізім өзіннен табылады.  
Жасыра алман, інінің отауынан,  
Ыстық маған атаның шаңырағы.

## АЙХАЙ, ДАЛАМ

Аһ далам, айхай далам, сағым далам,  
Бір бұдыр жок-ау көзге шалынбаған.  
Бір ғаламат бойында сабыр бар-ау,  
Аспан құлап кетсе де тарынбаған,  
Аһ далам, айхай далам, сағым далам!  
Төсінде атылмаған жанартаулар,  
Вулканын тұншықтырып, дамылдаған.

Боз далам, күрең далам, жасыл далам,  
Кісі емес саған келіп бас ұрмаған.  
Құныға құшырым бір қанбай қойды-ау,  
Қалай ғана құшармын ғашық-далам!

Құшактан шығармаспын деген едім,  
Дәрменсіз ғып жараттын неге мені?  
Өзіндей алып болып тумаған соң,  
Адам болып жүрудің не керегі...

Сонда да сүйіп өтем, сүйіп өтем,  
Сүйе тұра құша алмау – күйік екен.  
Алыптан алып болып тумаған соң,  
Адам болып жүру де қиын екен...

## ҚАРА ӨЛЕН

Қалқам,  
Мен Лермонтов, Пушкин де емен,  
Есенинмін демедім ешкімге мен.  
Қазақтың кара өлеңі – күдіретім,  
Онда бір сұмдық сыр бар естілмеген.

Жат жерді жастанғанда жазатайым,  
Қанымен жазды, мүмкін, ағатайым.  
... Қасиетіннен, кара өлең, айналайын,  
Қазақтың дәл өзіндей қарапайым.

Түзу-түзу тілінген таспадайын,  
Қамшы өремін таспадан басқадайын.  
Қаламасаң қамшымды аулақ жүргін,  
Қараша үйдің есігін ашпа, ағайын!

Түзу-түзу жыртылған аңыздайын,  
Аңызыма неге нәр тамызбайын.  
Қара өлеңі қазақтың қаза болса,  
Қара көзден неге қан ағызбайын.

Іздемпаздық менің де бар өнерім,  
Будан жасап бидай мен тары егемін.  
Қазан-миым бәрін де қайнатады,  
Дара қойып қазақтың кара өлеңін.

Абайға тән – маған да тән сыбаға,  
Келсін мейлі, келмесін тәржімаға.  
Осы менің отырып оңашада  
Оқитұғын намазым әр жұмада.

Ақынмын деп қалай мен айта аламын,  
Халқымның өзі айтқанын қайталадым.  
... Күпі киген қазақтың кара өлеңін,  
Шекпен жауып, өзіне қайтарамын...

## ШҰҒЫЛА-АРМАН

Бәрін де түйсін, білсін тылсым кеуде,  
Қосылсын дүрсіл келіп дүрсілдерге.  
Күрсінсен, аспан болып күрсін, кеуде,  
Жай оты жанар болып жүрсін менде.

Бұлттардың салмағынан күрсінгенде,  
Ақ нөсер ақтарылсын тылсым жерге.  
Күрсінсен, аспан болып күрсін, кеуде,  
Шұғыла арманым боп тұрсын менде.

Ашылсаң, аспан болып ашыл, кеуде,  
Таратсын ақша бұлтың шашын желге.  
Жарк етсін көкжиектен жүрек-күнін,  
Ақтарып әппак нұрын шашып жерге.

Жүрегімнің сауыты – тылсым кеуде,  
Тынымсыз дүрсілдеуде, дүрсілдеуде.  
Көктемдегі аспандай күркіреді,  
Болар-болмас жүрегім күрсінгенде...



## БЕТХОВЕН

Сәнімен емес,  
Әнімен оған қымбатты,  
Қырық мың ғалам  
Қырық мың түрлі үн қатты.  
Көзімен көрмей әлемнің мына бояуын,  
Көңілімен ғана керемет сазын тындапты.

Жетімек бұлттар жер ауып қайда көшеді,  
Өшеді қашан бүгінгі және кешегі?  
Дауылдың соғар,  
Жауынның жауар шақтарын,  
Бетховен ғана дыбыстан сезген деседі.

Сикырлы үнмен сыбырлай оған тұр ғалам,  
Ғалам да оны,  
Ғаламды ол да тындаған.  
Сынымен емес, сырымен Айдың сәулесі,  
Сорғалап соның саусақтарымен жырлаған.

Қия алмай оны,  
Қиылып айлы түн кетті.  
Жалауын алып жеңімпаз жана күн жетті.  
Жым-жылас, жым-жырт, таскерек етіп тәңірі,  
Табиғат та оны күндеген екен, білмепті.

Сыңғырлап үні,  
Күмбірлеп күйі бұрқанбай,  
Дүние тынды...  
Тілі кесілген мылқаудай.  
Айлы кештерден сорғалап сазды күн тамбай,  
Құлазып қалды қу тірлік өлі вулкандай.

Не дерсін мына тас керек мылқау шақтарға!  
Дыбыссыз бәрі – орман да, тау да, бактар да.

Тек қана аспан азан сап оған естіртті,  
Керен тірлікті қалдырып бара жатқанда.

Күркіреп аспан,  
Ойнатты-ау дейсің, жасынды,  
Сайратты-ау дейсің, мелшиген тау мен тасынды.  
Мылқаудың үні, кереннің құлағы ашылды,  
Кешірім сұрап,  
Бәрі де оған бас ұрды.

## ЖАЙЛАУҒА БАРАР ЖОЛДА

Иір-қиыр сайларда  
Ирек-ирек із қалған.  
Аққан бұлақ жайлаудан,  
Атқылайды күз-жардан.

Самал сүнгіп шалғынға,  
Қыр өртеніп, гүл жанған.  
Кәрі таудың алдында,  
Кәрі жартас сұрланған.

Ойдым-ойдым қойнауда,  
Орман шашын тараған.  
Белде сағым ойнауда,  
Лактырып орамал.

Құлай жаздап құсадан,  
Күз-жартастар шаққа тұр.  
Таздың басына ұксаған,  
Шынның басы тап-тақыр.

Айналаннның бәрі өлен,  
Бәрі де гүл ашылған...  
Түнжырайды кәрі емен,  
Жапырағы шашылған.

## СӘБИ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ

(Әні бар)

... Күс та болғым келмейді!  
Канатым бар.  
Канатым бар күмістен жаратылған.  
Сәби болғым келеді, сәби болғым,  
Мына өмірден хабарсыз, жаңа туған.

От та болғым келмейді!  
Жылуым бар.  
Жылуым бар, керексе жылыныңдар.  
Әлди болғым келеді, әлди болғым —  
Күн сәулесі ойнақтап тұлымында,  
Отыратын анасы құлынымдап.

Канаттанып өмірге ұшарымда,  
Кесілмесін бәрібір тұсауым да.  
Сәби болғым келеді, сәби болғым,  
Сәбиі жоқ Ананың құшағында.

Тар бесігі — кең жаһан тарылмаған,  
Біреуге бар, біреуге табылмаған. —  
Сәби болғым келеді, сәби болғым,  
Ана сүті аузынан арылмаған.

## ЖАЗДЫҢ ТАҢЫ

Жарықтык,  
Жаздың таңы-ай!  
Жадырап, қанатымды жаздым талай.

Ақ тауға асылғанда ақ таң келіп,  
Атылған ақ шымылдық макпал дерлік.  
Ақ сәуле ұяма кеп ұйығанда,  
Ақ таңға қанатымды қаққам келіп.

Асқардың күн ілігіп сәлдесіне,  
Қарайды дүниеге сәл кешіге,  
Айдында Жер мен Көктің арасында,  
Ақ таңның шомылғанмын сәулесіне.

Күн – мені шомылдырған асыл анам,  
(Жан-жағым ақ моншақтар шашыраған).  
Ақ таудың бөлеп мені бесігіне,  
Ақ таңның сүтіменен асыраған,  
Күн – менің асыл анам, асыл анам.

Жарықтык,  
Жаздың таңы-ай белден асқан!  
Бауырын жерге басқан, шөлдеп аспан.  
Қия алмай жаз төсегін, жар төсегін,  
Қиылып, бозаруда жер мен аспан...

## АЙХАЙ, КӨКТЕМ!

Тентек жаңбыр терезені,  
Бытырамен атып тұр.  
Кенеледі  
Жер өзегі,  
Рахатқа батып қыр.

Үдеріп көк,  
Түнеріп кеп,  
Аласұрып атқандай.  
Алабұртқан, күреніткен,  
Аласапыран шақтарды-ай!

Күркіретіп,  
Дүркіретіп,  
Мына келген көктем бе?!  
Сіркіретіп,  
Бүркіп өтіп,  
Әтір шашып кеткен бе?

Алаңым да,  
Адамым да,  
Жадырады-ау шалқып бір!  
Қырдан ескен самалында,  
От иісі аңқып тұр.

... Тентек жаңбыр тереземді  
Бытырамен тұр атып.  
Қандырайын кенеземді,  
Айхай, көктем!  
Тұра тұр!..

## ОТАН

Отан!  
Отан!  
Сен болмасан, не етер ем?  
Мәңгілікке бақытсыз боп өтер ем,  
Өмірден бұл өксумен кетер ем.

Құс ұясыз,  
Жыртқыш інсіз болмайды.  
Отансыз жан өмірінде оңбайды.  
Өзін-өзі корлайды да сорлайды.  
Тірі адамға сол қайғы!

Күн көреді,  
Әкесіз де, анасыз.  
Өмір сүрер  
Әйелсіз де, баласыз,  
Ал Отансыз –  
Нағыз сорлы, панасыз!

Білесің бе,  
Отанның сен не екенін?  
(Екі өмір жоқ, жоқ әрине, екі өлім).  
Екі Отан жоқ.  
Жалғыз Отан – мекенің!

## ЖАЛАҢ АЯҚ ҚЫЗ

Төпеп тұрған нөсерге қарамай-ақ,  
Бір қыз кетіп барады жалаң аяқ.  
Жалтыраған әдемі топылиын,  
Кім біледі, жауыннан барады аяп.

Ойнақтаған далада кара көзім,  
Еске түсіп кетті ме бала кезін?  
Елең қылмай ешкімді барады өзі,  
Жалаң аяқ жүргендей дала кезіп,  
Еркін ұстап елігім барады өзін.

(Шыт көйлегі жабысқан кеудесіне).  
Қарамаска, коймайды көрмесіне.  
Не келді екен сайтанның зердесіне?!  
Жалаң аяқ сиқырға қарап тұрып,  
Жалаң аяқ жастығым келді есіме!

Қара да тұр, қайтесің, қара да тұр,  
Бұлаң еткен бұл сурет қалады ақыр.  
Жалаң аяқ...  
Балтыры жалт-жұлт етіп,  
Ғайып болып жастығым бара жатыр.

\* \* \*

Қайда қайтып барасындар, тырналар,  
Ұзатып сап, уайымдап қыр қалар.  
Құрық мойын, ұзын сирақ мырзалар,  
Арттарыңда жылап жатыр жылғалар.

Тізбектеліп барасындар қай жаққа?  
Сенсіз сән жоқ мынау өлке, аймақта.  
Жылап келіп, жыл құстары табысып,  
Мауықтары басылғасын таймақ па?!



Нөсерлетіп кеше сендер келгенде,  
Мынау өлке той жасаған сендерге.  
Міне, бүгін қарсақ жортып барады,  
Сендер жүрген дөңдер менен белдерде.

Қайда кетіп барасындар, қай маңға?  
Солдаттардай сап түзеген майданға.  
Еркін құстар жаратылған сайранға,  
Еріктісің сайрандандар, сайранда.

Жолын болсын, жолын болсын, керуен!  
Еркін көшкен жерімен де көгімен...  
Тек біздерде қанат жоқ қой, қанат жоқ,  
Бірге көшіп көрер едік сенімен.

\* \* \*

Жырым көп менің әлі жазылмаған,  
Кенім көп менің әлі қазылмаған.  
Қалдырып болар-болмас қазынамды,  
Неліктен бір күні мен жазым болам?!

Қуалап тіршіліктің көбелегін,  
Қап қойды капелімде көп өлеңім.  
Жалғызым, жаным менің – жырым менің,  
Қалдырып сені артыма неге өлемін?

Жазайын, жалықпайын, жасырмайын,  
Қашан қалғып кеткенше басылмайын.  
Ая деп ажалға мен бас ұрмайын,  
Шок шайнап, от бүріккен Қасымдайын!

## ТҮНГІ АЛМАТЫ

Түнгі Алматы тұманы ашылғанда,  
Алатауға ай келіп асылғанда.  
Нұр жанады, аспанның жұлдыздары,  
Алматының үстіне шашылған ба?!

Сүйіседі көшелер көшелермен,  
Бір рақат сезесің еселенген.  
Осы сикыр қалада өскенінмен,  
Танданасың туристей кеше келген.

Емен, терек еркімен қауышады,  
Қайын менен қарағаш танысады.  
Алатаудан басталған ақ бұлақтар,  
Алматыға жеткенше жарысады.

Алматыға жеткенде аң-таң болып,  
Арықтармен ақырын тартар жолын.  
Ашуланып бір сәтте тұра қалып,  
Атылады аспанға фонтан болып.

Судың аты су ғой, ол бұғына ма?  
Тау бұлағы көлшікке тығыла ма?  
Су сәулеге ұмтылып, сәуле суға,  
Айналады ғажайып шұғылаға,  
Сонда Алматы ұқсайды Құбылаға.

Ұзатылар қыздайын үлпілдеген,  
Шақырасың назыңмен, күлкіңменен.  
...Жок!  
Алматы – жүрегі Алатаудын,  
Тау ұйқыға кеткенде бүлкілдеген.

## ЕСКІ АУЫЛДЫ ЕСКЕ АЛУ

Сарыала қаздар саздағы,  
Сарыдала – сағым,  
Маздады.  
Бүлкілдеп жүзген үйректер,  
Қаңқылдап ұшқан қаздары.  
Бала да, қарт та мәз бөрі,  
Ауылдың қайран жаздары!

Қаршыға тиіп кептерге,  
Қанатын үзіп кеткенде,  
Қалқып ұшқан найзадай,  
Тырналар ұшып өткенде,  
Саршаның күні жеткенде,  
Үркітуші едік қуалап,  
Жайылып жүрсе дуадақ,  
Адырда, қырда, бөктерде.

Өрісте қозы шулаған,  
Сусындап тұнық тұнбадан,  
Тай-құлын жүрсе тулаған.  
Бұралып жап-жас келіншек,  
Су алып жатса жылғадан,  
Тіршілік бір сәт тынбаған,  
Ғажап қой, ғажап бұл далам!  
Бір жерге байлап кіндігін,  
Сағынып таулар бір-бірін,  
Бұлттардан жаулық бұлғаған.

Қуантушы еді көктем кеп,  
Көктем жоқ, жаз кеп өктем боп,  
Жасытып бізді кеткен жоқ.  
Жас жігіт жазғы бидайдың,  
Сіп-сирек мұрты көкпенбек.  
Сипайды самал еппен кеп.

Қара су бойы талдарға,  
Сайрауық құстар қонғанда,  
Құбылтып әнге салғанда,  
Түп-тұнық мөлдір бастаудан,  
Сусының әбден қанғанда,  
Жастығың қайта басталған,  
Басталған басқа арман да...  
Момақан ауыл бөктерде,  
Арқасын тіреп тауларға,  
(Алатын жау жоқ жалғанда!)

Сайлардан салқын есті жел,  
Салбырап, баяу кеш кірер.  
Сумұрындарын шақырған,  
Әжелер даусы естілер,  
... Осылай еді ескі ауыл,  
Осылай еді ескі жер...

## ҚАР ЖАУЫП ТҰР

Апыр-ау, бір-ақ күнде қыс келген бе?!  
Қар ғой мынау бір түнде түскен жерге!  
Бір түнде мына аймақтың өні өзгеріп,  
Бір-ақ түнде керемет істелген бе?!

Жәйімен жапалақтап қар жауып тұр,  
(Үлгермей де қалдық-ау, қамданып бір).  
Ыққа кеп қонақтаған көгершіндер,  
Бұталарға қарайды танданып құр.  
Қар жауып тұр,  
Жауып тұр, қар жауып тұр.

Занды ғой,  
Занды бәрі, талас бар ма,  
Аққа оранған көшелер, ағаштар да.  
Бар табиғат өзара жарасқан ба?  
Ақ мамықтар ұшып жүр ақ аспанда.

Қала жатыр оранып ақ тұманға,  
(Сірә, дала кіршіксіз, ақ бұдан да).  
Жығылған соң жалауы, жаз тығылды,  
Қыс кіре алмас өмірі шахтыларға.

Қыс қытымыр.  
Жайлы емес далаға онша.  
(Малшыларға қиын-ау, дара қонса...)  
Біледі өзі табиғат, қайтер едік,  
Қыс ақ болмай, егерде қара болса?!

## СӨНБЕЙДІ, ӘЖЕ, ШЫРАҒЫҢ!

(Әні бар)

Жарқырап екі көзін шамдай жанған,  
Күтуші ең жалғызынды қан майданнан.  
Жалғанда күту деген қандай жаман,  
Ақыры қаза болдың сарғайғаннан.

*Қайырмасы:*

Сөнбейді, әже, ошағың!  
Өзінді әнге қосамын.  
Жеті кат жердің астына,  
Жетпейді бірақ осы әнім.

Қоштасып жалғызынның хаттарымен,  
Сапарға оралмайтын аттанып ең.  
Жадырай жеңіс қанат қаққанында,  
Жалғызын кеп қалар деп шаттанып ем.

*Қайырмасы:*

Сөнбейді, әже, ошағың!  
Өзінді әнге қосамын.  
Жалғызын келіп қалар деп,  
Өзіндей мен де тосамын.

Жалғызын оралмады, оралмады,  
Қиын ғой тірі жанның жоғалғаны.  
Бір жерде тірі болса жүрген шығар,  
Болса өлі, өзінменен болар мәңгі.

*Қайырмасы:*

Сөнген жоқ, әже, шырағың!  
Арналды саған бұл әнім.  
Семген жоқ сенің бұлағың,  
Сынған жоқ әлі шынарың.

Отыз жыл содан бері таң атуда,  
Әлемге шұғыласын таратуда.  
Сағынып жалғыздың салған әні,  
Аккудын аспанда ұшқан канатында.

*Қайырмасы:*

Сөнген жоқ, әже, шырағың!  
Арналды саған бұл әнім.  
Бойында сенің тұмарың,  
Ұшып жүр жалғыз қыраның.  
Сөнбейді, әже, шырағың!

\* \* \*

Шып терлеп дала бусанған,  
Сағымы қайнап шымырлап.  
Бозторғай ұшты жусаннан,  
Сүйінші сұрап шырылдап.

Сағынып нөсер жаңбырын,  
Аулақта қалғып бак тынды.  
Ақ бұлттар мамық жаулығын  
Аспаннан төмен лақтырды.

Қалкиды көкте ақ мамық,  
Қалдырып кейде көлеңке,  
Нұрына күннің қақтанып,  
Шуақтап жатыр кең өлке.

Шуакка толы жан-жағым,  
(Шуакқа құмар бұл жалған).  
Шуакта шыбық талдарым,  
Шуақтап тұрып бүр жарған.

Көктемгі самал көк белде,  
Көгілдір шайы желпінген.

Жап-жасыл мына көктемде,  
Жасарған өмір елтіген.

\* \* \*

Киіктер, мұнда жүрмендер,  
Баспағып отыр сұм мерген.  
Боласың ғайып, байғұстар,  
Қоштасып сайран күндермен.  
Тасада отыр сұр мерген,  
Кетіндер, аулақ бұл жерден!

Сұр мерген отыр баспағып,  
Қанынды сенің шашқалы.  
Қаласын жерді жастанып,  
Кетіндер үркіп, қаш бәрің!  
Осы бір маңды тастағын.

Қаруын кезеп мергендер,  
Қандарын талай көмген жер.  
Киіктер талай өлген жер,  
Кетіндер аулақ, келмендер!

Жеріме жерік болғандар,  
Киіктерімді қорғандар!  
Құстарымды да атпаңдар,  
Құрақтарымды ормандар!



## СӘУІР АЙЫ

Сабылып келді міне, сәуір айы,  
Сәуір айы – қазақтың тәуір айы.  
Жылайды да тұрады жыланқы бұлт,  
Бара жатыр не болып ауа райы?!

Ақ нөсер, өткіншісі – бәрі дайын,  
Сабылтып келген мына сәуір айын,  
Құтты көріп, диқандар құптағанмен,  
Малшылар салып отыр сары уайым.

Жылап тұр, жыланқы бұлт сабылып тұр,  
Сағынып тұр күн нұрын, жабығып кыр.  
Бірде жауын, біресе қарға айналып,  
Сәуір айы малшыға қағынып тұр.

Шопан жүр малыменен, көптен бөлек,  
Төпеп тұр,  
Келер емес көктен көмек.  
Сәуір айын сықпыртып, сыбайды кеп,  
– Құрғырдың түбі түсіп кеткен бе?! – деп.

Ойында – әрі ашу, әрі уайым,  
Әйтеуір оңдырған жоқ сәуір айын.  
Сәуір айы – малшыға сары уайым,  
Малмен бірге бағады ауа райын...

## ТУҒАН ЖЕРГЕ

Таныс өлке,  
Таныс аймақ,  
Таныс ман:  
Аноу жерде – құрбылармен алыскам,  
Аноу жерде – құрбыжанмен табыскам.  
Алба-жұлба ақша бұлттар жарысқан,  
Таулар өне, ұйықтап кеткен данышпан,  
Жолдар анау, шұбатылып шаңы ұшқан,  
Таныс өлке, таныс аймақ, таныс ман.

Шабындықтар,  
Егістіктер,  
Тоғайлар.  
Төбелердің төбесінде – көк айдар.  
Ақ сағыммен араласып, аулаққа,  
Сағым болып бара жатыр көп ойлар.

Бір тынбайды шегірткенің шырылы,  
Жел қозғаған ақ шилердің сыбыры,  
Бәрі таныс – кісінеген құлыны  
Ін аузында шаңқылдаған суыры.

... Айналайын!  
Атамекен, Ақ мекен!  
Қандай қазақ іздеп сені тапты екен?!  
Туған өлке тәтті екен ғой,  
Тәтті екен!

## ҚАЗАҚ ЖЕРІ

Пай! Пай! Пай!  
Киелі неткен жер!  
Батырлар дүрілдеп өткен жер.  
Тұлпарлар дүбірлеп төккен тер,  
Ғашықтар бір-бірін өпкен жер.  
Сарылып сал-сері кеткен жер.  
Бас иіп, иіскеп топырағын,  
Тағзым жасамай өтпендер!

Мына өлке,  
Мына аймақ,  
Бұл маңда  
Құлшылық етемін тұрғанға,  
Құлшылық етемін құмдарға,  
Тағзым жасаймын қырларға!  
Шүкірлік етемін қашанда,  
Осы бір Отанда тұрғанға!

Жазы бар жалынмен жандырған,  
Қысы бар аязға қандырған.  
Көктемі – балауса, балдырған,  
Ал күзі – алып бір ақ қырман,  
Ақ дәннен ақ нөсер жаудырған.  
Күрең нан жаңа алған тандырдан,  
Көлденен көлбеген көкжиек.  
Қыранның қанатын талдырған,  
Қырына еріксіз қондырған.

## НАУРЫЗ

Ақпан кетті араз боп наурызбенен,  
Наурыз жүр жоғалған бағын іздеп.  
Көктем жетті көрісіп, жанын үзген,  
Қыс аттанды қоштасып тағы бізбен.

Көктем жетті көл-көсір шуақ қуып,  
Қыс барады қиылып, жылап тұрып.  
Шатырында үйлердің наурыз жүр,  
Мүз көрпесін ақпанның лактырып.

Тозған тонын бойына кие алмай бір,  
Қайда барса қарт аяз сыя алмай жүр.  
Асқар таулар атасын шақырады,  
Ой мен қырын атасы қия алмай жүр.

Қарар емес наурыз атағына,  
Алар емес ақпанды қатарына.  
Күні бойы жылаған қарт пенденің,  
Түні бойы мұз тоңды сақалына.

## ҚАЙРАН ҚАРАСАЗЫМ-АЙ!

Тамаша еді жазғы орман:  
Құстар сайрап, мәз болған.  
Көлшіктерде, суларда,  
Үйрек ұшып, қаз қонған.

Шыбын-шіркей қаға ма,  
Шоршып судан ақ шабақ?!  
Таз тырна отыр жағада,  
Сыңар аяқ, ақ кабак.

Елік ертіп лағын,  
Еңкейеді суатқа.  
Елендетіп құлағын,  
Тыншымайды бірақта.

Көкқұтандар көлбеңдеп,  
Көтеріле алмайды.  
Жалғыз-жалғыз ербеңдеп,  
Көк қояндар заулайды.

Мұздай суын атқылап,  
Ақ бастаулар қайнаған.  
Тана-торпақ шапқылап,  
Оқыралап, ойнаған.

... Тамаша еді жазғы орман:  
Тамашалап, мәз болғам,  
Қайран Қарасазым-ай!  
Үйрек ұшып, қаз қонған!..

## ҚАЗАҚСТАН

Жаксыяттанды демессің, сүйем десем,  
Табынатын тәнірім, ием де – сен.  
Адам болып күн кешу киын маған,  
Арқа тұтып, өзіңе сүйенбесем.

Сен менің сүйегім мен қанымдасың,  
Жанымдасың, ұятым, арымдасың.  
Саған деген махаббат дамылдасың,  
Тек сенің топырағыңды жамылғасың.

Өзіңше түсің де ерек, ісің де ерек,  
(Сырым бар саған айтар ішімде көп).  
Қомағай көзімді бір тойдыра алмай,  
Қорқамын бәрі осының түсім бе деп.

Қазақстан,  
Пай, пай, пай!  
Ардағым-ай!  
Сен менің Шолпанымсын жанған ұдай.  
Өзіңде өмір сүрген қандай бақыт,  
Өлмейтін махаббатым, арманым-ай!..

## ТАУ – БІР АҢЫЗ

Тау – бір аңыз,  
Тау – дастан.  
Таусылмаған әу бастан.  
Токтап қалған керуен,  
Бір-бірімен жалғасқан.

Жетер жерге жеткенде,  
Керуенші кеткенде.  
Шығыс пен Батысты,  
Жалғастырып шөккен бе?

Бұлттан бұйда тағынып,  
Көктен көрпе жамылып.  
Таулар жатыр анырып,  
Сапарларын сағынып.

Жетер жерге жеткесін,  
Мәңгілікке шөккесін!  
Оятпандар, байқандар!  
Таулар тұрып кетпесін.

Тау – бір аңыз,  
Тау – дастан.  
Таусылмаған әу бастан.  
Ана – Жердің төсіне,  
Алып сәби жармасқан.

## БАРЛЫҒЫ ДА СЕНДЕРДІКІ

Сендердікі — өмір, қоғам, заман да,  
Сен түзеген қалаң менен далаң да.  
Барлығы да мұра болмақ әманда,  
Болашақ деп аталатын Адамға.

Қабылдандар қазынаны біз берген,  
Қиындықты көрмесендер біз көрген.  
Бұл өмірде сақтау үшін сендерді,  
Бабалардың үйде туып, түзде өлген.

Сендердағы өздерінше күресіп,  
Өздерінше сендер де өмір сүресін.  
Болашақты жалғау үшін Болашақ,  
Бола жатар сендердің де үлесін.

Барлығы да сендердікі, барлығы —  
Табыстаймыз жансыз бенен жандыны.  
Армысындар, Ата ұрпақтың тағдыры!  
Армысындар, жаңа атқан тан нұры!



## КӨГЕРШІНДЕР МАРШЫ

Орман, дала бөктерлер —  
Арпалыстар өткен жер,  
Соғыс зарын шеккендер,  
Оралмасын өткендер!  
Біз — ақ канат кептерлер,  
Бізді ұмытып кетпендер!  
Енді қару алмайық,  
Өртенбейік, жанбайық.  
Біз адасып қалмайық,  
Ақ аспанда самғайық.  
Аталардың өмірін  
Әрі қарай жалғайық!  
Көгерсін жер, көгерсін,  
Мол ырысқа кенелсін.  
Бейбітшілік жаршысы,  
Біз — ақ канат көгершін!  
Біз — ақ канат кептерлер,  
Бізді ұмытып кетпендер!

\* \* \*

Өткінші жанбыр өректіп барып өткенде,  
Үздік те создық тырнаның үні жеткенде.  
Киіз үйлерге қараймындағы бөктерде,  
Бірза боламын осы бір ырғын көктемде.

Тау бастарына тамаша бұлттар шөккенде,  
Ұшырып бұлтты ескек жел алып кеткенде.  
Қараймын дағы мұрты өсіп қалған көктерге,  
Бірза боламын ырыс әкелер көктемге.

Лайсаң болсын, оқыстан кейде қар жаусын,  
Абыр да сабыр шаруа қайта қамдансын.  
Адамдар мейлі, алдамшы күнге тандансын,  
Сонда да көктем, сонда да маған армансын.

Көктемнің күні көңілім менің тәрізді,  
Көктемнің аты – көктем ғой, досым, жаны ізгі.  
Бүрін жара алмай бусанып жатқан жусаннан,  
Шырылдап шығып бозторғай өне өн үзді...

Апыр-ау, мынау аңсатып жеткен көктем бе?  
Аспан да, жер де айнала тегіс көкпенбек.  
Толассыз сағым толықсып ағып барады,  
Аймалап жерді, аймалап тауды бөктерлеп.

## САРЫЖАЙЛАУ

(Әні бар)

Жазира, жасыл кілем өрнектеген,  
Туған жерге, дариға, жер жетпеген!  
Кең өлкем, әлдилей бер сен деп келем,  
Аңсап келем, сағынып, шөлдеп келем.

*Қайырмасы:*

Саумал бұлақ – балдай дәрім,  
Салқын самал – баурайларың.  
Саялаған, беу, туған жер,  
Сағындырған Сарыжайлауым.

Армысың, ата-қоныс, жасыл мекен!  
Ұланыңмын, мен сенің қасыңда өтем.  
Басқаның жерұйығын неғылайын,  
Жерұйығы – өзімнің қасымда екен!

*Қайырмасы.*

Жадырап, жұтайыншы тау самалын,  
Осы елді ғой сағынып, аңсағаным.  
Гүлдерім, шыршаларым, аршаларым,  
Бәріне арнап мен бүгін ән саламын.

*Қайырмасы.*

Жанымды жырға бөлеп таң атырған,  
Әнім едің ақ таңда жаратылған.  
Төліңнен айналайын жаңа туған,  
Айналайын еліңнен дара тұрған!

*Қайырмасы.*

## ЖЕТІСУ

Отанымның орнығып кең төріне,  
Айналасын ақ таулар көмкеруде.  
Жаралғандай Жетісу ертегіден,  
Еркелейді Жетісу ерке күнге.  
Еркелейді,  
Еркелейді,  
Еркелейді Жетісу ерке күнге.

Аясында Алматым тыныстаған,  
Алатауым апайтөс ырыс маған.  
Болашаққа қазақтың көшін бастап,  
Жетісуым барады ту ұстаған.  
Жетісуым,  
Жетісуым,  
Жетісуым барады ту ұстаған.

Ұясынан ұшырған балапаны.  
Данқын елге Жетісу таратады.  
Болашағы баламның Жетісуым,  
Әлпештеген анамның алақаны.  
Әлпештеген,  
Әлпештеген,  
Әлпештеген анамның алақаны.

Күншығыстан алаулап таң атарда,  
Қасиетті қараймын жан – Отанға,  
Сәлем берем, бас иіп Жетісуға,  
Сәлем берем, бас иіп Алатауға.  
Сәлем берем,  
Сәлем берем,  
Сәлем берем бас иіп, Алатауға.

## ДАРИҒА, ДОМБЫРАМДЫ БЕРШІ МАҒАН

(Әні бар)

Дариға, домбырамды берші маған,  
Жаныма келші, жарым, келші балам!  
Бейуак, інірдегі көңіліме,  
Күй болып, күңіреніп енші, далам.

*Қайырмасы:*

Бабамның көзімісің?!  
Данамның сөзімісің?!  
Жаралған сезім үшін,  
Мазасыз жүрегімнің өзімісің?!  
Домбырам,  
Қоңыр қазым, аққуымсың!  
Арманым, мұным, сырым, шаттығымсың!

Домбырам, жүрегіммен үндес едің,  
Сенімен сырласымдай тілдесемін.  
Бабамнан қалған мұрам, сен болмасаң,  
Өнердің не екенін де білмес едім.

*Қайырмасы:*

Өсірген өнерімді қызыр-бабам,  
Үніңнен айналайын бұзылмаған!  
Киелі пернене бір қол соқпасаң,  
Ішегің жетімсіреп ызындаған.

*Қайырмасы:*

Домбырам, досым менің күй аңсаған,  
Өзімді, өмірімді қиям саған.  
Шағымда шабыттанған, қиялдаған,  
Шапағың бар шаттығын құяр маған.

*Қайырмасы:*

Ерке назым менің, сазым менің,  
Шыбынсыз шуак шашқан жазым ба едің?  
Дариға, домбырамды, берші маған,  
Айналып ұшсын аққу-қазым менің.

## ТОҒАЙ ТӨҢІРЕГІНДЕ

Тоғай еді Қарасудың ар жағы,  
Қайда кеткен қамысы мен талдары?!  
Не күзетіп, нені бағып жүр екен,  
Қайда кеткен мына ауылдың бағбаны?

Талды қиған неткен суық қол еді,  
Тоғай тозған...  
Енді, сірә, жоқ емі.  
Бұл өңірге не көрінген, тәңір-ау?!  
Бұл өңірде соғыс болған жоқ еді...

Тоғай тозған, топалаң боп сиреген,  
(Аяулы еді ата-баба тимеген!)  
Есек мініп, бара жатыр қария,  
Қыршын талды қиып алып, сүйреген.

Лайықсыз сакалына, шашына,  
– Оу, қария,  
Не күн туды басына?!  
Тоналыпты.  
Токымдай-ақ тоғай ғой,  
Туған жерді қорғағаның осы ма?

Көрікұлақ саған айтам, налыма!  
Жүгін өзін ақылына, арына.  
Жазда – жайлау, қыста – қамсау еді ғой,  
Титтей тоғай – малына да жанына.

Қарашы анау қасқа тартқан тауына,  
Өзіне ұқсап, түсіпті ұры бағына.  
Сиреп қалған сидам орман шулап тұр.  
Қарғыс айтып, айбалталы жауына.

Тау, орманда,  
Мына титтей тоғайда,  
Топ-топ киік жайылатын...  
(Сол – ойда...)

Үміт үзіп үріккен аң, ұшқан құс,  
Енді қайтып бұл өңірге жолай ма?!  
Жасауы жоқ жаққа оралу оңай ма!?

Саған айтам, балашықтар бүр жарған,  
Шыбық, талын, шыршаларың ұрланған.  
Сендер қаулап, айналғанда орманға,  
Не қалады?..  
Не қалады бұл маннан!?

## БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНА

Аға,  
Саған, білмеймін не айтарымды?  
Қай қырыннан білмеймін байқарымды.  
Көңілдегі ой көмейге кептелді де,  
Түрмесіне кеудемнің қайтарылды.  
Қайтерімді, білмеймін не айтарымды?..

Жасқануды білмеуші ем, жалтаруды,  
Неге көңіл, білмеймін, аңтарылды?!  
Ақ тұлпарым бар еді саған деген  
Алып ұшпай ол неге қантарылды?!

Сен зәру емессің ғой сый-құрметке,  
(Сырлы аяқтың сыны бар, сыры кеткен).  
Тонға емес, орамал жолға жарап,  
Сый тартуды атамыз ырым еткен.

Тартар сыйым өзіне болмағасын,  
Белгілі ғой қасына жоламасым.  
Ақ сұңқарым бар еді, ұшпай қойды,  
Алсам дағы басынан томағасын.

Қылышымды суырып қынабынан,  
Қыл қапқан жүзін көріп, жыладым-ау...  
Жетімдердің кегі мен жесірлердің,  
Суарып ем суалған бұлағына.

Қайрап едім зауалдың шарығына,  
Қактап едім қан майдан жалынына.  
Қынабына оны да жасырдым мен,  
Керек болып жүрер деп халығыма.

Қынабына сап қойдым үмітпенен,  
Оның несін жасырам бүгіп сенен.



Саған, аға, сақталған бір сый бар-ау,  
Назарына ешкімнің ілікпеген.

Алтын да, алмас та емес жалтылдаған,  
Бір сый бар, аға, саған, тартылмаған!  
Ұрпақтар аңыз етіп айта жүрер,  
Сыйдан да, он есе артық данқың маған.

Ешкімнің назарына ілікпеген,  
Саған бір сый тартам деп үміттенем.  
Жүрегімнің тапсырған аманатын,  
Бере алмай кетем бе деп күдіктенем.

Қандай сый тартсам екен, аға, саған,  
(Білмеймін, жараспай ма, жараса ма?!)  
Ешбір сый таба алмасам, аға, саған,  
Әппақ тонын – атамның тәбәрігін,  
Жүзге кел деп арқана жаба салам.

## КӨГЕРШІНДЕР

Көгершіндер!  
Шошымай үйіме кір, өлерсіндер,  
Ақы алмаймын,  
Қыстап шық жаз келгенше,  
Жаз келгесін, ар жағын көрерсіндер.

Табиғаттан адамның сыйы да ерек,  
Мына қыстың, биылғы күйі бөлек.  
Жапырақсыз ағаштар пана болмас,  
Паналандар жұпыны үйіме кеп.

Қанаттарың қыраулап, шық басуда,  
Келіндер,  
Нелерің бар ықтасында!?  
Қаласандар қонақта иығыма,  
Жем шашамын төсіме, шық басыма.

Көгершіндер!..  
Шошымай үйіме кір, өлерсіндер,  
Асықпандар, жаз келсін, көгерсін жер.  
Жаз келгесін, әр жағын көрерсіндер.  
Көрерсіндер...  
Көгершіндер!..

\* \* \*

Сонау бір жазда, жайлауда,  
Соғыстың кезі, қой баққам.  
Көңілім келмей байламға,  
Көп нәрсені ойлантқан.

Астымда тарпаң дөненім,  
Торсықта шырын қымызым.  
Миымда шикі өлеңім,  
Қайнайтын келіп күн ұзын.

Қайнайтын, шіркін, піспейтін,  
Маздатып қойып оттығын.  
Өзімді-өзім күштейтін,  
Қазіргі жағдай жоқтұғын.

Қойнымда дәптер, қаламым,  
Қайтатын үйге жазылмай.  
Сағымы сабыр даланың  
Айта алмай жүрген назымдай.

Жүгірген төмен құлдырап  
Көрдім де таудың бұлағын.  
Көзімнің алды бұлдырап,  
Қалқайып екі құлағым,  
Қабаржып, үнсіз жыладым.

Сондағы көздің жасынан,  
Ләззат алғам, нансаңыз.  
Сұраныз әрбір тасынан  
Еліме менің барсаңыз.

Сұрапыл, сұрғылт, ашулы,  
Сұраныз таудан, асқардан.  
Сондағы тамшы жасымды,  
Кем көрмен ұлы дастаннан.

Бұлақтан барып сұраныз,  
Көрді екен, кімді білді екен...  
Бұғынып қалған бір аңыз  
Бұйығып тағы жүр ме екен.

Жартастың жонын ұрғылап,  
Кеудесін сайдың тепкілеп.  
Сұрар ма екен бір бұлақ:  
– Сол бала қайда кетті? – деп.

\* \* \*

Жалаңаяк жар кешіп,  
Қызылаяқ қыр кешіп,  
Қыр гүлімен бірге өсіп,  
Қыр желімен бірге есіп,  
Торғайлармен тілдесіп,  
Торы тайға мінгесіп,  
Тобын жазбай топ бала,  
Жүретін ек гулесіп.  
Орман, таулы туған жер —  
Ортақ бізге бір бесік.

Оны да біз атқардық,  
Жігіт болдық, мақтандық,  
Тартып мініп ат жалын,  
Жеке-жеке аттандық,  
“Өнерімізді” ақтардық,  
Өршелендік мақтан ғып,  
Өкінішті сол ғана —  
Өзді-өзіміз таңғалдық.

...Орақ мұрын, қыр маңдай,  
Маңғаз жігіт жүр бүгін.  
Өзі ұстап тұрғандай  
Туған жердің түндігін.  
Сақтап қалса, жарады,  
Азаматтың тірлігін,  
Сәби шақтың бірлігін...

\* \* \*

Анам маған: — Үлкенді сыйла, — деген,  
Сол сөз маған ізгілік құйған ерен.  
Үлкендерден ауысқан кішілікті,  
Үлкендердің өзіне сыйға берем.

Атамнан қалған мұра — ізеттілік,  
Арымды соған қойғам күзеттіріп.  
Адалдық — менің сәби айбарым ғой,  
Мандайынан жүргені жүз өптіріп.

Табиғат!  
Жанымды алсан,  
Алшы менің.  
Бір түйір жерге түскен тамшың едім.  
Мұқағали жоғалса қайтер дейсін,  
Артымда қалсын жерім,  
Қалсын елім.

Мен де бір жүріп кеткен сағымдаймын,  
Қалдыр деп,  
Саған, сірә жалынбаймын.  
Мәңгілік мекеніме жету үшін,  
Күніне қаншама рет адымдаймын.

Кім білсін,  
Қаншама әлі шырқарымды,  
Кім білсін,  
Қай күні сен қырқарынды,  
Мұқағали жоғалса қайтер дейсін,  
Жоғалтпасам болғаны ұрпағымды.

## ҮШ БАҚЫТЫМ

Ең бірінші бақытым – Халқым менің,  
Соған берем ойымның алтын кенін.  
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,  
Қымбатырақ алтыннан нарқым менің.

Ал екінші бақытым – Тілім менің,  
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.  
Кей-кейде дүниеден түңілсем де,  
Қасиетті тілімнен түңілмедім.

Бақытым бар үшінші – Отан деген,  
Құдай деген кім десе, Отан дер ем!..  
Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?  
Ойланбай-ақ кел дағы от ал менен.

Түгін түтет,  
Өс, өрбі, көгере бер,  
Немерелер көбейсін, шөберелер.  
Жадында ұста,  
Жаксылық күтпегейсін!  
От емес, оқ сұрасан менен егер!

Үш бірдей бақытым бар алақанда,  
(Мені мұндай бақытты жаратар ма?!)  
Үш күн нұрын төгеді аспанымнан,  
Атырау, Алтай, Арка, Алатауға!!!

## ӘЛІПPE

Бар кітапқа бас болған,  
Әліппе – ғылым ағасы.  
Әліппеден басталған,  
Даналықтың данасы.

Мектебің мынау, класың,  
Осында он жыл тұрасың.  
Тарыдай болып кіресің,  
Таудай болып шығасың.

## ТАЙЛАҚ

Тайлақты неге тұсаған,  
Тайрандап жүрсе болмай ма?  
Керуен сарайға ұқсаған,  
Керіліп жатқан жол қайда?



## АРМЫСЫҢДАР, АППАҒЫМ

Таныс өлке, таныс ман,  
Тайға мініп жарысқан,  
Қара жолдын шаны ұшқан.  
Біреулермен алысқан,  
Біреулермен табысқан.  
Сырнай тартқан камыстан,  
Таныс өлке, таныс ман.

Таныс толқын аунатқан,  
Таныс сағым тау жақтан,  
Барады ағып аулаққа.  
Жамыраған жас төлдің,  
Үні естілген жан-жақтан.

Таныс ой да, қырат та,  
Таныс тоғай, бұлақ та,  
Таныс емес бірақта.  
Таныс емес жас ұрпақ,  
Сауық құрған суатта.

Танысымды таппадым...  
Ей, бейтаныс мақтаным,  
Армысындар, аппағым,  
Менің бала шақтарым!  
Менің болашақтарым!

## ЕРТЕГІ

Отырар еді,  
Қолынан түспей ұршығы,  
Алдында – ақ су бір шыны.  
Немересінің қыңқылы мен сынқылы.  
Далада аяз,  
Ашыққан иттің қыңсылы.

Алдында – ақ су,  
Шәй қайда!..  
Ауылы оның шалғайда.  
Қызусыз пеште қайнамай ма ақ су,  
Қайнай ма?  
Жел үрген керней,  
Боздай ма әлде сарнай ма?..  
Су отын бықсып,  
Жана ма әлде жанбай ма?  
Баспанамыздың қабырғалары сарғайған.

Қайраттанғанмен,  
Айбаттанғанмен қаншалық,  
Отырар еді,  
Күрсініп кейде тамсанып.  
Жуық арада қайнай қоймайтын жез шәуегім  
Телміртіп бізді,  
Сызылтып сұрқай ән салып.

Бықсыған пешті  
Кезекпе-кезек үрлеуші ек,  
Жадырайтынбыз,  
Жалт еткен отты бір көрсек.  
Белбеуін шешіп,  
Қара сұлының талқанын,  
Әжеміз бізге беретін еді күнде өлшеп.

Белгісіз күндер,  
Бүгіні менен ертені...  
Есіне алып,  
Әжеміз ертеқ шертеді.  
Кезекпе-кезек тартқылап  
Жалғыз көрпені,  
Таласар едік...  
Сол күндер, міне, ертегі...

## БӘСІРЕ

Жылқышы атам – қамқоршы, асыл еді,  
Әкелді де, ерттеді бәсірені.  
Үзенгімді тең теуіп, орныққанша,  
Бәсірені құлақтан басып еді.

Асау тай мөнкітұғын көрінбеді,  
Тебінбеді, немесе шегінбеді,  
Атам тайдың құлағын қоя беріп,  
Тізгін-шылбыр ұстатып: – Тебін! – деді.

Сарт еткізіп бір теуіп мамаағашты,  
Әзер тұрған асау тай ала қашты.  
Бір тентектің үстінде бір тентек бар,  
Екі тентек әйдөй кеп жағаласты.

Жүйрік желмен біз қашан жарысқалы,  
Атамдар да, ауыл да алыстады.  
Қос тентектің қылығын көп көрді ме,  
Көршілердің иті де қалыспады.

Ұласып иттер даусы аттан құрды,  
Бәсірем атылады сақпан ғұрлы,  
Екі тізгін, бір шылбыр қолға ұстатып,  
Осылай Атам мені аттандырды.

Құлаймын-ау деген бір қауіппенен,  
Шауып келем, ызғытып шауып келем.  
Атам таққан құйысқан түсіп қапты,  
Өттеген-ай, қай жерден тауып берем...

## АҚҚАЛА – АҚ БАЛА

Аққалам менің, Аққалам,  
Аққала жасап ақ балам.  
Өмірге кадам аттаған,  
Мақтанам әрі шаттанам.  
Ұлан бол елің, мақтаған,  
Аққалам менің – ақ балам!

Аязды мынау ақпанда,  
Ақ ұлпа, мамық ақ қарда,  
Сәбилер ойнап жатқанда,  
Көңілде тұрған дақтарға,  
Қарайтын, тәйір, шақ бар ма.

Қоңырау күлкім айналам,  
Қошакандарым ойнаған.  
Сәнді шағымды жайнаған,  
Сәби кезімді ойға алам.

... Болған ем мен де ақ бала.  
Орнатқам мен де Аққала.  
Ырзамын бала шаққа да!  
Ырзамын болашаққа да!!!

## ҚУАНЫШЫҢМЕН

*(Әні бар)*

Нұрын төккен маған,  
Шуағымсың сен!  
Айналайын, панам,  
Қуанышыңмен!

Шаттандырған мені,  
Жұбанышым сен.  
Құттықтаймын сені,  
Қуанышыңмен!

Аялаған мені,  
Ән қанатымен.  
Құттықтаймын сені,  
Салтанатыңмен!

Бақытты ғой заман,  
Қандай көңілді!  
Мен тілеймін саған,  
Ұзақ өмірді!

## **ТЫРНАЛАР**

Тағдыры кимағанмен артық пішін,  
Тағдыры бермегенмен артық күшін.  
Ынтымақты-ау, тырналар, ынтымақты-ау,  
Қарашы, шіркіндердің тәртіптiсiн!

## МЕКТЕБІМЕ

Мектебiм – айтар әнiм,  
Сан рет қайталадым.  
Өзiннен алғанымды,  
Өзiне қайтарамын.

Мектебiм, қия алмаймын,  
Көп нәрсе қиялдаймын...  
Мөңгiлiк оқушың боп,  
Қалуға ұялмаймын.

Өзiннен, тегiнде мен,  
Аттанам сенiмменен.  
Ассалаумағалейкум,  
Дәу мектеп өмiр деген!



## АҚПАН

Ақпан, ақпан,  
Қыс әлі.  
Ақ түтек аяз қысады,  
Арылмай жатыр даладан  
Аксақал қыстың құшағы.

Аппақ қар тактак жолдарда,  
Жаксы аттар, шана заулайды.  
Адыр мен қырка, жондарда,  
Ал кызыл түлкі аунайды.

... Айтса да, достар, осы айда,  
Туыпты біздің солдаттар.  
Берік боп тұрсын осы айда,  
Сыйынды жаксы арнап бар.

Айтуынша Атанның,  
Күн де ұзарды нар адым.  
Жұмысы көп кой апанның,  
Көмектес оған, қарағым.

Жалқаулық, әсте, жаман іс,  
Өнбейді одан бір шыбық.  
Оқу мен еңбек, демалыс,  
Барлығын қоссақ – Тіршілік.

Ақпан, ақпан,  
Қыс әлі.  
Келеді қашан құс өні?  
Қарлығаш, тырна, бозторғай,  
Қалықтап қашан ұшады?..

## ИНТЕРНАТЫМ – МЕКТЕБІМ

Оқимын ордамда,  
Интернат – мектебім.  
Азамат болғанша,  
Аларым көп менің.

Аяулы мекенім,  
Оқимын, жетемін.  
Туған жер, кей-кейде,  
Сағынып кетемін.

Сағындым ауылды,  
Баурайын тауымның.  
Қолымнан жем берген  
Қозымды сағындым.

Осында ержетем,  
Отаным – кең мекен.  
Еңбекпен, әніммен,  
Елімді тербетем.

Интернатым – мектебім,  
Жадыраған көктемім!

## ЖАСЫЛ БАҒЫМ ЖАЙНАҒАН

Шыбықтарым кешегі  
Шынар болып өседі.  
Көктемдегі көйлегін  
Күзде ағаштар шешеді.

Тонбау үшін ақ қарда,  
Тон киеді ақпанда.  
Қарайды кеп қараағаш  
Қайың сырға таққанға.

Жасыл бағым жайнаған,  
Ну болады айналам.  
Жазда барып орманға,  
Жатып алып ойланам.

\* \* \*

Ауыл түні бозғыл торғын мақпалдай,  
Аспан жерге таңырқап тұр ақ мандай.  
Бір-біріне ғашық екі дүние,  
Сырласа алмай, мұндаса алмай жатқандай.

Құс ұшпайды, жел еспейді, тып-тынық,  
Жұлдыз қандай, жұлдыз қандай түп-тұнық.  
Жер мен Аспан.

Екі алыптын қойнында,  
Ұйықтап жатыр ұлан-ғайыр мықтылық.

Сал дүние, самала аспан, жарық кеш,  
Жаймашуақ жаздың түні мамық төс.  
Құс жолында керуенін доғарып,  
Ұйып қана ұйықтап жатыр алып көш.

Сыр дүние-ай, сикырың көп не түрлі,  
Бір көрсетпей өтесің-ау бетінді.

...Жанып-сөнген, жанып-сөнген жұлдыздар  
Інірдегі стадион секілді.

(Үздік-создық шырпыларын жаққандай.)  
Ауыл түні.

Ауыл түні мақпалдай.  
Аспан мен жер бозғыл шәйі жамылып,  
Сырласа алмай, мұндаса алмай жатқандай.

## ХАНТӘҢІРІ

Шыңның мен танымаймын аласасын,  
Төбе де аласамен таласасың.  
Тянь-Шаньның шашактаулы найзасындай,  
Кайсың Хантәңірімен жанасасың?

Шыңның мен ұнатамын биіктігін,  
Шырқай кеп шыңырау көктен сүйіпті Күн.  
Түндігін түртіп тұрған көк аспанның,  
Канеки, Хантәңірінен иықты кім?!

Егерде күдірет болса, бөлшегіндей,  
(Алдында күдіреттің көр шегінбей).  
Шаншылып әнеу тұрған Хантәңірі –  
Шапшыған Тянь-Шаньның емшегіндей.

Күн де оның баурайында дөнгелеген,  
Буалдыр, бозғыл шәйі перделеген.  
Бойында Хантәңірінің бұғып жатқан,  
Алапат аяныш бар жерге деген.

Тік түр ол.  
Қырын карап сай-салаға,  
Күн – көркі, Көк – мекені, Ай – шағала.  
Қалғымай қанша жылды өткерді екен,  
Тәкаппар Тянь-Шаньдағы қайсар аға?

Таудың мен ұнатпаймын тапалдығын,  
Тапалдан талайлар-ак татар жұғын.  
Сүйем мен табиғаттың ұлылығын,  
Сүйем мен табиғаттың қаталдығын!

\* \* \*

Бір ән бар бүгінгі ұрпақ естімеген,  
(Сонау бір соғыс жылы естіген ем).

Әредік, әлдеқалай есіме алсам,  
Қос басы, қою қара кешті көрем.

Шар тастар, шалғынды сай “Қарағайлы”,  
Шулы өзен шомылдырған шағала – Айды.  
Жөтеліп бұлттар көшіп өтетұғын,  
Жетектеп жетегінде қара қайғы.

Жел тынған, жапырақ та сілкінбеген,  
Тауға кеп түн ұййтын кілкілдеген.  
Әр жүректі сол бір ән мазалайтын,  
Әр көмейде сол бір ән бүлкілдеген.

Қос басында қауымның бәрісі де,  
Қосылатын жасы да, кәрісі де.  
Сіңір тірсек біздер де шырқаушы едік,  
Түсінбестен сол әннің мәнісіне.

Күндізгі зор бейнеттің түні келіп,  
Әр кеш сайын ән тындап жүріп едік.  
Көз ұйқыға кеткенше сол бір әннен,  
Сай-сала тұратұғын күніреніп.

Жүректің шынырауында қоздайтұғын,  
Шыбыны бар кеудені қозғайтұғын.  
Қауым айтқан сол әнді естігенде,  
Боталы інген борықта боздайтұғын.

Бір ән бар бүгінгі ұрпақ естімеген,  
(Сонау бір соғыс жылы естіген ем).  
Сол бір ән көмейіме кептелгенде,  
Өмір дейтін керуен, көшті көрем.

## БЕСІК БАСЫНДА

Ұқсайды бар тыныштық жер бетінде,  
Ұйқыдағы сәбидің келбетіне.  
Ояту былай тұрсын, рұқсат жоқ,  
Ұйықтап жатқан ұлымды тербетуге.

Ұйықта, ұлым, ұйықта, бөпем, қасындамын,  
Керек емес, дүние, асылдарың!  
Бақыт, байлық – барлығы мен үшін,  
Сенің бір кеп мойныма асылғаның.

Аймалайсың жанымды күлкінменен,  
Тамағыңнан айналдым бүлкілдеген.  
Не дейсің сен бұртиып, айтшы, сәулем,  
Қытықтаған жүректі бір тілменен?

... Қандай ғана анадан туады адам,  
Сәбилердің ұйқысын қуалаған?!  
О, тыныштық!  
Тыныштық қандай рақат!  
Қандай рақат сәбилер жыламаған!

## АРМЫСЫҢДАР, АДАМДАР!

Күн батты ма, түн келді ме, таң атты ма қайтадан,  
Күдіретті тірлігіне кірістің бе қайта, Адам?  
Арма, өмір, бар әлемді бауырына алып шайқаған!

Әрбір әрпі қанға шомған тарихыңа қарандар,  
Отырардай опат болған қала жоқ па, жарандар?  
Тату-тәтті бармысыңдар, армысыңдар, Адамдар!

Әлем – дархан, саяландар, бөріңе де орын бар,  
Қорған емес, салтанатты, сәнді сарай соғыңдар.  
Ей, Адамдар, сендер тату, сендер тату болыңдар!

Анамыз – Жер, сол Анадан жаратылды, туыстық,  
Алайда біз қан да төктік, қалжырадық, ұрыстық...  
Армысың сен, арамызда жалғыз перзент –  
Тыныштық!



## ШАБЫНДЫҚТА

Қызыл-жасыл гүлдердің төсіндегі,  
Аймалайды даланың есіп желі.  
Салқын түсіп, сал самал санлақтаған,  
Шабындықты көрдің бе бесіндегі?

Ұлы бесін. Қайтқан кез күн аптабы,  
Су сылдыры саябыр бұлақтағы.  
Көк құрақты көсілте күртілдеткен,  
Шалғышының тұсаулы жүр аттары.

Қарабас, көк шалғынды бұрандаған,  
Жаздың кеші болымсыз тұмандаған.  
Көрікті едің, сен неткен көрікті едің,  
Қүдіретті мекенім – құлан далам!

Ұлы бесін. Қайтқан кез күн аптабы.  
Бебеулеген бытпылдык суат маңы.  
Беттегі шалғышының ән сазына,  
Үн қосқан үймекшілер қыраттағы.

Жанай сокқан бөктерден тау самалы,  
Жасыл алқап далаға жан салады.  
Боз үкісін көделер үлпілдетсе,  
Саршұнақ, бетегелер тамсанады.

Пансынады сұлудай сыр алмаған,  
Жасыл майса балауса сыландаған.  
Сен неткен әсем едің, әдемі едің,  
Қүдіретті мекенім – құлан далам!

О, гүлді алқап, неғылған байтақ едің?!  
Төсіңе ал да, жырымды шайка менің.  
Шарт буынып, шалғымды қолыма алсам,  
Шабытымды сонда бір байқар едің.

\* \* \*

Тау бұлағы да ағады,  
Ой бұлағы да ағады.  
Әрқайсысы өзінше тепкілейді жағаны.  
Бірі жылжып барады,  
Бірі мөнкіп барады,  
Бәрісі де, не шара, аға алмайды жоғары.

Бәрісі де, ұмтыла, тек ылдиды іздейді,  
Әрқайсысы өзінше,  
Қатарларын түзейді.  
Дарияға қосылып жай тапсам деп теңізден,  
Байғұстардың бәрісі күдерлерін үзбейді.

Бірі жатыр күркіреп,  
Бірі жатыр жылмиып.  
Бірі қалды көлдерде көмейіне құм құйып.  
Асығады байғұстар,  
Сезінбейді сірә да,  
Барар жері бәрібір екендігін тұңғыық.

Асығады байғұстар,  
Өзін-өзі қинайды...  
Бұлақтардың көбісі дарияға құймайды!  
Дарияны қайтеді.  
Мұнысы да жөн шығар,  
Мүмкін, олар даласын шөл етуге қимайды,  
Бар қуатын өзінің топырағына сыйлайды.

\* \* \*

Құмдар...  
Құмдар...  
Тау құмдар, қырат құмдар!  
Қаншама керуенді шулаттындар,  
Қаншама өзендерді суалттындар,  
Қаншама ғасырларды ұзаттындар...

Шағылда бірін-бірі сүйеп өлген,  
Шалғайда көшкен-ау жұрт түйелермен.  
Берекеннен айналдым, беу, казак-ай!  
Соншама сахараны иеленген.

Самолеттің астында мидай далам,  
Сағым болып самғайды,  
Қимайды адам...  
Кез келген өңірінде қолтанба бар,  
Керуеннің ізімен шимайлаған.

\* \* \*

Біздің таулар керуендей шұбалған.  
Күнді өздері батырған да шығарған.  
Тұлғаларын тұңғиыққа суарған,  
Олар биік тұманнан да мұнардан.

Сенсең бөрік, сәлде шалған – атамдар,  
Желкен бұлттар – желкілдеген сақалдар.  
Өркеш-өркеш маң-маң басқан атандар,  
Біздің таулар – аяқталмас сапарлар.

Көшін тартып, көше-көше сабылып,  
Көш бастаушы бағытынан жаңылып.  
Біздің таулар – тоқтап қалған керуен,  
Сахараның сағымына анырып.

\* \* \*

Самұрыққа міндім бе,  
Самғадым ба көкпенен?  
Сахарадан бұл күнде,  
Үн естілмес “өк!” деген.  
Барар жерге бір күнде,  
Арып-ашпай дөп келем.

Апта жүріп, ай жүріп,  
Аңызакқа ұрынбан.

Ат-тұрманнан айырылып,  
Айдалада жығылман.  
Әр ауылға қайрылып,  
Сусын іздеп бұрылман.

Керуенім шұбалып,  
Кен даланы кезбеймін,  
Кен бұлақтан су алып,  
Бакырға күрт езбеймін.  
Ұшты. Болды. “ТУ” алып,  
Қонғанымды сезбеймін.

\* \* \*

Ат қайда, жайлау қайда, ауыл қайда?  
Тауларым сол баяғы тауымдай ма?  
Үй іргесі шалғыннан ірге қашқан,  
Киіктің лактары табылмай ма?  
Кезбе бұлттар жиылып ақ аспанда,  
Кенесіп баяғыдай дамылдай ма?  
Ауа алмай ауылымнан ауырлай ма?

Зеңгір көгім, жер-суым жан сырласым,  
Сендер барда көңіл хош, камсыз басым.  
Өлер-өсер төсінде барлығы да,  
Зеңгір көгім, жер-суым таусылмасын.

Күнге сенем, табынам, жерге сенем,  
Дәнім болса бір уыс, жерге себем.  
Бұл ғаламда жер қайыр бермесе егер,  
Топырақ емес, тозаңға теңдесер ем.  
Жерден өстім, мәңгілік жерге сенем!

## АРМАНЫҢ БАР МА?

“Адырлар, жондар, шатқалдар,  
Аспанды тіреп жатқандар,  
Айтылды нелер мактаулар,  
Арманың бар ма, ақ таулар?”

Сапарды солай жалғандар,  
Шарландар, мәңгі шарландар,  
Аспанды кезген тарландар,  
Ақ бұлттар, сенде не арман бар?”

Армандап Адам сұрады,  
Ақ таулар – іштен тынады,  
Азан сап тұрып ақ бұлттар,  
Ағыл да тегіл жылады.  
Ақ нөсер, бар ма арманың?..

## ТАУДАҒЫ НӨСЕР

Алыста,  
Сонау аспанда,  
Атыстар, сірә, басталды.  
Жай түсіп жатыр тастарға,  
Жайратып жатыр асқарды.

Дірілдеп біраз тұрды да,  
Гүрілдеп ала жөнелді.  
Аспанды Құдай ұрды ма?  
Айырар ма екен төбемді!

Жарк етті алды көзімнің,  
Өртене жаздап, басылдым.  
Отым ба, әлде, өзімнің!?  
Оты ма, әлде, жасынның!?

Жанымды болып қорғамақ,  
Жалтарып, тұра қашқан ем.  
Төбемнен төмен сорғалап,  
Сөндірді нөсер, басты әрен...

\* \* \*

Ей, Табиғат!  
Мен саған өкпелімін,  
(Жерде мұхит жатқанмен, көкте күнің)  
Бермей-ақ қой күніңнің бетке нұрын,  
Қимадың ғой толқынның өктем үнін.

Алысар ем бұлтпенен, жауынменен,  
Неге туыс етпейсің дауылменен?  
Найзағайдан шашылған жасындарды,  
Жалғап неге қоймайсың жанымменен?

Сан жақсылық жеріне жасап жүрмін,  
Жап-жалаңаш құмынды жасандырдым.

Мұзды ерітіп жатқанда лебімменен,  
Жалын болып жаныма қашан кірдің?!

Сен маған қаһарланған кезеңдерде,  
Аспаныңнан дым тамбай безергенде.  
Жердің ерні шөліккеп кезергенде,  
Өзендерді жалғадым өзендерге.

Мен саған арамтамақ, масыл емен,  
Жаңбыр болып гүліннің шашын өрем.  
Аспаныңды арқама құлатсаң да,  
Кеудемменен жерінді басып өлем.

Ғұмыр бердің шоп-шолақ, шара бар ма...  
Ей, Табиғат!

Барыңды маған арна!

Неше мың жыл неге мен жасамаймын,  
Мың жыл жасап жүргенде қара қарға?!

\* \* \*

Дін — ғылымның анасы,  
Дін — ғылымның әкесі.  
Ғылым — діннің баласы,  
Дін — ғылымның көкесі!!!

Ғылым да бар, дін де бар,  
Қоқыс та бар, гүл де бар.  
Адам Ата өлмесін,  
Ақырзаман келмесін.  
Қол қусырып Құдайға,  
Ғылым мен дін бірге бар!

\* \* \*

Ауады бұлттар қай жаққа,  
Жауады бұлттар,  
Жауады қандай аймаққа?

Исінбей қойды-ау,  
Исінбей қойды-ау сауын бұлт,  
Ауады бұлттар,  
Даланың сорын қайнатты-ау!  
Түнеріп келіп,  
Түріліп кетті-ау дым тамбай,  
Сіркіреп жанбыр,  
Күркіреп аспан бұрқанбай!  
Қауызын ашып,  
Қалды да қойды егін, бақ,  
Кеберсіп қалды,  
Кеберсіп қалды қу тандай.

\* \* \*

Көктем де келер,  
От ойнар әлі аспанда.  
Көгерер әлі,  
Кәрі емен, қайын, жас тал да.  
Дүлейдің шоғы түспесе екен деп тіле,  
Аспанда апат зарядтар жағаласқанда.  
Көктем де келер,  
Құстар да жетер ән салып.  
Көктер де шығар,  
Көгілдір нұрға тамсанып.  
Сулар да тасар,  
Кетпесе екен деп тіле,  
Мұхиттар көлге қарсы ағып.

Бұлттар да көшер,  
Жыртық па, әлде бүтін бе,  
Жауласа бермей, жайғасар, келер бітімге.  
Ақ көңіл бұлттар,  
Ақ нөсер төгіп өтсін де,  
Айналып кетпей түтінге.



Келсе екен көктем,  
Көк-жасыл шұғыла тартылса,  
Көкжиек барып,  
Көкжиектерге артылса.  
Көктем де келер,  
Көрерміз әлі жазды да,  
Осылай өмір,  
Тұрса екен тыныш қалпында.

## КӨКТЕМ ДЕ КЕЛЕР

Көп кешікпей көктем де келер енді,  
Көгеретін тіршілік көгереді.  
Қу бұтағы арса-арса кәрі еменге,  
Келер көктем, білмеймін, не береді?

Көп кешікпей көктем де келер енді,  
Көгереді ауылдың төнірегі.  
Ерте кеткен досымның қабірі тұр,  
Келер көктем, білмеймін, не береді?

Көп кешікпей көктем де келер енді,  
Барлық нұрын көл-көсір төгер енді.  
Сағынышын сарыққан, жапа-жалғыз,  
Менін жесір жеңгеме не береді?

Көгереді...

Барлығы көгереді:

Ой да, қыр да, даланың төбелері.  
Әлі құрып баратқан ауру досқа,  
Осы көктем, білмеймін, не береді?

Көп кешікпей көктем де келіп қалар,  
Есінетіп, есіртіп, ерікті алар.  
Азан-қазан аспанның қонырауы,  
Жаксылықтан тұрса игі беріп хабар.

## САРАЛА ҚАЗ ОРАЛДЫ

Сазға тағы оралды сарала қаз,  
Сарша тамыз тағы да бола ма жаз!  
Күрік басар ақ тауық күлге аунаса,  
Күнге қарап шақырар бала қораз,  
Сарша тамыз тағы да бола ма жаз?!

Тұтасқан бұлт айналып, ығысканда,  
Күн күркірер батыстан, шығыстан да.  
Әжемнің де баратын күні туар,  
Алыстағы жат бауыр туысқанға.  
(Із салмады, шіркіндер суысқан ба?!)

Шілде туып, тағы да жаз бола ма?  
Акку ұйықтап, айдынға қаз қона ма?  
Қызды ауылға күніне қырық барып,  
Желік пайда бола ма бозбалаға?

Салқын жайлау, самал жел, саумал бұлақ,  
Жатыр ма екен көпіршіп, таудан құлап?  
Биыл жазда тағы да көгере ме,  
Былыр күзде қуарып қалған құрақ?

Сарыуайым салудың не керегі,  
Көгереді, бөрі де көгереді!..  
Көп досымды жоғалттым осы қыста,  
Келесі жаз, білмеймін не береді...

Сарала қаз оралды сазға тағы,  
Ақ тырналар аспанды боздатады.  
Сүксүр көкек тоғайдан сұңқылдаса,  
Қай-қайдағы мұнымды қоздатады...

## АЗАЙЫП БАРА ЖАТЫР

(Әні бар)

Неменене жетістің, бала батыр?  
Қариялар азайып бара жатыр.  
Бірі мініп келместің кемесіне,  
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр.

Ақыл айтып жүрмесе қасымызда,  
Сонда орнайды жетімдік басымызға.  
Жаланашқа шекпенін шешіп беріп,  
Бір күлшесін бөліскен ашымызға.

Арсыз күлкің тыйылмас, жылауың да,  
Айтысын да басылмас, ылаңың да,  
Араздасып ағайын кетер еді,  
Бір қария болмаса бір ауылда.

Біз қария болғанша,  
Кім біледі,  
Баламыз да шал болып үлгереді.  
Бір-бірінен екі шал асамын деп,  
Кім біледі?..  
Бір-бірін бүлдіреді.

Ақиқатты айқындап жариялар,  
Бара жатыр азайып қариялар.  
Дауыл тұрса бұлк етіп толқымайтын,  
Бара жатыр сарқылып дариялар...

## АҚҚУ ДЕГЕН

Жанымды үнгіп жанарың жеп барады,  
Неге сонша телміріп, көп қарадын?!  
Дөп қарасам мен саған өртенерсің,  
Өртенерсің, қарама, кет, қарағым!

Аққуды атар мергенің мен емеспін,  
Ажал оғын алған жоқ менен ешкім.  
Айдын көлдің аққуын арашалап,  
Аттан салып, талаймен төбелестім.

Тауы – құмға, айналған жаны – мұнға,  
Қорғаушыңды, аққуым, таныдың ба?  
Неге сонша телміріп көп қарадын,  
Мият тұтып, мұң шағып, жалыну ма?  
Пана таппай жалғанның жарығында.

Неге?

Неге қарайсың соншама ерек?  
Айырمامыз, арамыз сонша бөлек.  
Аққу деген – адал құс, айналайын,  
Айдынына аман-сау қонса керек...

\* \* \*

Су тасып, көктемде өзен тулағанда,  
Жаз келіп, жасыл орман шулағанда,  
Күз болып, жапырақтар қурағанда,  
Қыс тұрып, аяз бетті тырнағанда.

Сайрандайсың көктемнің бақтарында,  
Аунайсың жаздың жұмсақ мақпалына.  
Күрен күздің кешінде күренітіп,  
Оранасың, аяздың ақ тонына.

Бәріне де көнесін,  
Көнесің де,

Отырасын, тәубаңа келесін де.  
Дауыл ұлып жатады, толқын ұрып,  
Шайкаласын өмірдің кемесінде.

Қарасан жерін де айдын,  
Көгің де айдын,  
Өзін жайлы ойлайсың, өмір жайлы.  
Түсесің уақыттың тезіне бір,  
Ұрлайды...  
Сені ұрламай нені ұрлайды?

Су тасып, көктемде өзен тулар тағы,  
Жаз келіп, жасыл бақтар шулар тағы,  
Күз болып, жапырақтар қуар тағы,  
Қыс түсіп, аязы мен аппақ қарын  
Өкінбе, саған артпай кімге артады?..

## ТАУҒА КЕЛСЕҢ

Тауға келсен, қыста емес,  
Күзде келгін!  
Қарсы алдыннан табылар іздегенін.  
Жапырақты көресің әлі дағы,  
Тіршіліктен күдерін үзбегенін,  
Ойландырар шак қой бір күз дегенін.

Ойландырар күз деген – кіші бесін,  
Күн төбеннен ауғанын түсінесін.  
Ескі жұртты көргенде жайлаудағы,  
Құлын да жоқ желіде байлаудағы,  
Шыдап баккын, бір сәтке мүсірерсің!  
Жазынды еске жабығып түсірерсің.

Жадына кеп жалпақ жаз, бақ-мекенін.  
Түсінесің думанды шак та өтерін.  
Құлақ түріп қурайдың ызынына,  
Ұғынасың өмірдің тәтті екенін.

## МАЛ ТӨЛДЕП ЖАТЫР

Қыркада, ойда, бөктерде,  
Отығып, өріс күн жылып.  
Мал төлдеп жатыр көктемде,  
Ауылдың маңы қым-қуыт.

Бұлақтың көзі ашылып,  
Бұлдырап келді жылғаға.  
Құнанның жалына асылып,  
Қуанып, күліп тұр бала.

Жапанды естен тандырған,  
Көктем бе мынау, той ма бұл?!  
Аймақтың бәрі жаңғырған,  
Оркестр тартып қойлы ауыл.

Естілмей үні бар манда,  
Құстар да естен танған-ды.  
Ұқсайды жаулап алғанға,  
Жас төлдер мына жалғанды.

Жан-жақтың бәрі жаңғырып,  
Жасарып кетті ой да қыр.  
Биеден шампан алдырып,  
Той жасап жатыр қойлы ауыл.



## БОЛАШАҚТЫҢ ЕЛШІСІМІН

Бұл өмірге келгеннен соң,  
Елшісіндей шет елдің,  
Миссиямды аяқтамай  
Қалай ғана кетермін,  
Халық деген патшама,  
Немен жауап етермін!

Дәнекер боп жүргенімде,  
Арасында екі елдің,  
Мәміленің нәзік жібін  
Үзіп алсам не етермін?!  
Не де болса нар тәуекел,  
Нар тәуекел, көтердім!

Сағат сайын өзгеретін,  
Мәміледен қатыбас,  
Аулақ болам,  
Жоламаймын, айтқаныма татымас.  
Дос елменен достарға ұксап,  
Жасап бағам қатынас.

Түлкі құйрық саясаттың,  
Алтыны үшін, наны үшін,  
Қасиетті достықтың мен,  
Таптамаймын намысын.  
Болашақтың елшісімін,  
Дипломат емеспін.  
Мен баратын мемлекеттер,  
Мені солай танысын.

## ШАЛҚЫ, МЕНІҢ ШҰҒЫЛАМ

Тағы, тағы,  
Тағы да, тағы да кел,  
Ағыла бер, жырларым, ағыла бер,  
Бағына гөр, жүрегім, бағына гөр.  
Анда-санда қанынды бір тасытқан  
Сағына гөр жырынды, сағына бер.

Мазалай бер, мазала,  
Тыным берме.  
Әбігерге сала бер, ұрын кел де.  
Желпіп жібер шаттықтың шәйісімен,  
Бүкіл мына ғаламның мұнын бер де.

Үйіп-төгіп басыма жұбанышын,  
Бүкіл мына ғаламның қуанышын.  
Жарамасаң, жүрегім, жарылып кет,  
Қуанышым алдында кінәлісін.

Сок, сок, жүрек!  
Сок, жүрек, қозғал, миым,  
Ми қозғалмай, ойды да қозғау қиын.  
Жырсыз өмір мен үшін өмір емес,  
Жырсыз өмір – мен үшін тозған бұйым.

Шалқы, менің шұғылам, көк белдеуде,  
Көпір бол да, тартып ал, көк пен жерге.  
Нөсерлетіп, сөндірі де таста мені,  
Баяу жанып баратса от кеудемде.

## САДАҚ ИГЕН

Нән бөркімен милығын жаба киген,  
Бір ғаламат карт көрдім жабағы үйден.  
Серіппесін серт ұстап, қазықбаулап,  
Солкылдаған жас талдан садақ иген.

Серіппесі жіптен бе, қайыстан ба?  
Қайыспайды садағы майысқанда,  
... Ойлап тұрдым, қанша рет қатыстың деп,  
Қанды қырғын, соғыс пен сайыстарға.

Сөзі де, ісі де жоқ кісіменен,  
Қаусапты әбден байғұс мүсіркеген.  
Өз терісі өзінің кебініндей,  
Қарай алмай, тіксіндім түсіне мен.

Үшкілденген сақалы қанжардайын,  
Қынабынан суырып алғандайын.  
Өші кетіп біреуде, өз қаруы  
Өңменіне тақалып қалғандайын.

... Иіп жатыр садақты, иіп жатыр,  
Бұйра басын жас талдың қиып жатыр.  
Қорамсағы, оғы жоқ, иесіз қару,  
Әр балаға бір-бірден тиіп жатыр.

Үлестірді қаруын өреніне,  
(Алжыған ба?! Садақтың керегі не?!)  
...Күпір сөйлеп кеттім бе, кім біледі?  
«Ата көрген оқ жонар» дегені ме?!

## МЕН ТАУЛЫҚПЫН

Тау дейтін алып жүрек Ана туған,  
Мен таулықпын!

Таудан мен жаратылғам.  
Киіктің сүтін еміп ержеткенмін,  
Қуат алып қыранның қанатынан.

Мен таулықпын!  
Таудан мен жаратылғам.  
Бұлт бүркеніп, жай отын ала туғам.  
Күн алғашқы сәулесін маған шашып,  
Маған келіп түнейді қара тұман.

Тау ұлымын,  
Тау – менің дәу бесігім.  
Мен оның әулесімін, сәулесімін.  
Асқар шындар тербейді бесігімді,  
Бір орамын ағытып сәлдесінін.

Мен – таулықпын!  
Таудан мен жаратылғам.  
Тау деген Ана туған дара тұлғам.  
... Тауға барып,  
Көкке ұшып кетсем бе екен,  
Ұстап алып қыранның қанатынан.

\* \* \*

Анау – аспан, мынау – бақ,  
Аспанда бұлт, бақ жайлау.  
Мамық ұшты қылаулап,  
Қыс та келіп қалған-ау.

Аспан жердің арасын.  
Дәрігер – қыс алуда.  
Табиғаттың жарасын,  
Ақ дәкемен таңуда.

Тандырып ап мандайын,  
Тағы көйлек сұрап жүр.  
Бакты кезіп, тал-қайын,  
Жалаң аяқ жылап жүр.

Қу бұтағын құшақтап,  
Түксиеді көрі емен.  
... Қыс – тазалық, қыс – аппақ,  
Әрі өкініш, әрі өлен.

## **ЖҮЛДЫЗДАР СӨНІП БАРАДЫ**

Айналып келді батқан күн,  
Жығылды түннің жалауы.  
Алауын бақпай ақ танның,  
Жұлдыздар сөніп барады.

Адамның бағзы арманы —  
Жұлдыздар қайда манағы?  
Аспанның лағыл маржаны,  
Мұхитқа батып барады.

## ӨМІР ЖАЙЛЫ

Өмір жайлы сұрай берме сен менен,  
Өмірді мен әлі зерттеп көрмеп ем.  
Өмір жайлы білгін келсе, қартқа бар,  
Қан майданнан жалғыз ұлы келмеген.  
Жесір келін, бір нәресте көрмеген,  
Жетім шалды бала орнына тербеген.

Өмір жайлы не түсінем мен деген...  
Өмір жайлы сұрай берме сен менен.  
Өмір жайлы білгін келсе қартқа бар,  
Өміріне кегі кеткен, өлмеген,  
Жалған айып таңылғанда көлденен,  
Ақиқаттың әппақ туын бермеген.

Содан сұра, содан сұра өмірді,  
Нені көрді, нені сезді, не білді?  
Неге ақылды ақымақтан жеңілді,  
Біреу жылап, біреу неге көңілді?  
Содан сұра, содан сұра өмірді.

## КҮЗДЕ

Сен менің тынысым ең, тұрмысым ең,  
Сен үшін өмір сүріп, тырмысып ем.  
Жыл құсымен оралған жаным менің,  
Бірге аттанып кетесің жыл құсымен.

Күзі келіп, өмірдің жазы қайтып,  
Қазы қайтып, аттанар назын айтып.  
Айдын көлдің бетінде сызат қалар,  
Жазылмайтын келгенше қазы қайтып.

Құстар кетті қоштасып көліменен,  
Жеріменен, тауымен, көгіменен.  
Жаным менің, тағдырым жазбағай-ды,  
Қош айтысар кезеңді сеніменен.

Қызылы жоқ қырманда күзде, міне,  
Қайтқан құстың қараймын тізбегіне.  
...Бара жатыр аттанып аққу-қаздар,  
Біздің жақтан күдерін үзгені ме?



## БЕСІК КӨЛ

Айна көлім,  
Қайда менің?  
Айналған ба теңізге?!  
Қанатымды жайған едім.  
Акку болып сені іздеп.

Жайлауым да,  
Сайраным да,  
Бәрі неден сасқандай...  
Қайық жатыр қайранымда,  
Төңкерілген астаудай.

Есік-төрім!  
Есіткенім:  
Бір сұрапыл өткен деп,  
Бесік көлің – несіптерің,  
Бұлт боп ұшып кеткен деп.

Селі женді,  
Көлім өлді,  
Селді тасқын атқанда,  
Күзетуде өлі көлді,  
Қалың шырша қапталда.

Сарқынға мәз,  
Сарала қаз,  
Көлшіктен ап талшықты.  
Сая болмай самала жаз,  
Сай аңқасын қаңсытты.

Айна көлім  
Қайда менің?  
Сая іздесең сайран елім,  
Теңізге кеп мені ізде...

## КҮРЕҢ КҮЗ

*(Әні бар)*

Қош енді, қош бол, күрең күз!  
Күрең мұн саған жібердім.  
Күлермін деп ем, түнердін,  
Білермін, қалай білермін?!

Күп-күрең менің ренім,  
Қош енді, қош бол, күрең күз!

Жаз келер және жап-жасыл,  
Жақсылық тағы тілермін.  
Жадырап өмір сүрермін,  
Қош енді, қош бол, күрең күз!

Жыртылып жатыр күрең жер,  
Күрең жер – тозған кілемдер.  
Күрең тау, анау күрең бел,  
Күрең бел – жиған кілемдер.  
Жаз келер және жап-жасыл,  
Жасауын жердің түгендер.

Қош енді, қош бол, күрең күз!  
Ақ қысты тездеп жібергіз.  
Ақ қыстай аппақ бір елміз,  
Шымшылап аяз шытынап,  
Ширығып біраз жүрерміз,  
Шынығып өмір сүрерміз.  
Қош енді, қош бол, күрең күз!

## АЛМАТЫНЫҢ АСПАНЫ

Тал түсте,  
Бозғыл денгейде,  
Шуағын жерге төккен Күн.  
Жылымық қыста кей-кейде,  
Иісі келер көктемнің.

Ұмыттырар ақпанды,  
Боз аспан, онан боз дала.  
Осынау ғажап шақтарды,  
Қозғама, тәнір, қозғама!

Оралады өткен күз,  
Қыс келеді.  
Төсі қар.  
Ұзатылған көктем қыз,  
Қайта оралса несі бар?!

Ішке сыйған баламыз,  
Сыртымызға сыяды.  
Кең ғой біздің даламыз!  
Зиялы да ұялы.

Қайдан келсін бірақ та,  
Мезгіл жетпей қыз көктем.  
Қарашы анау қыратқа,  
Арқасына мұз шөккен.

Алматының аспаны,  
Бізді әзірге түр алдап.  
Қайын, терек бастары,  
Барады, өне, қыраулап...

## БАЛҚЫТУШЫ

Қызыл науамен,  
Қызыл от ағып барады.  
Қызыл адам жүр  
Қып-қызыл өні, жанары.  
Қызыл ұшқындар ыскырып қызыл жыландай,  
Қызыл қаһарын қызыл адамға жабады.

Атқылап гейзер, жанартаудайын мартеннен,  
Келеді шойын,  
Келеді болат өртенген.  
Адамға, сірә, ешкім де бақыт бермейді,  
Өздері табар,  
Төгілген адал қан-терден.

Өскемен, Балқаш,  
Өмірге арнап қайнатқан,  
Өртенген бұлақ барады ағып қай жаққа?  
Адамның күшін,  
Ғарыштын жүзінде ойнатқан,  
Бара ма әлде Байқоңыр деген аймаққа.

Осы бір жанға тұрарсың қалай бас ұрмай,  
Жалын ішінде,  
Жалт етіп жанған жасындай.  
Балқытқан оның металдары ұшып барады,  
Жалыны дағы, қызуы дағы басылмай.

## ЗООПАРКТЕ

Тал өсіп тұрушы еді ақ бастауда,  
Ақ шымшық конатұғын ақбас талға.  
Анырып, шуылдасып қалатынбыз,  
Ақ тұйғын ақ шымшықты ап қашқанда.

Селк етіп тенселіп, тал қалатын,  
Шикылдап сорлы шымшық зар қағатын.  
Ұшып бара жатып-ақ бір шоқып жеп,  
Жыртқыштың тұяқтары қанданатын.

Біздер солай көріп ек тағылықты,  
Темір торға, мінеки, жабылыпты.  
Екі көзі қанталап қағынып тұр,  
Тағылықтын не деген жаны мықты!

Ет тастасаң бір кесек лактырып,  
Шоқымай-ақ жұтады бір-ақ қылғып.  
Қанша әлсіздің мойнында қаны бар деп,  
Мен ішімнен жыртқыштан сұрап тұрмын.

Кішісі не жыртқыштың, ірісі не,  
Опа қылмас әлсізге бірісі де.  
Ілуші едің іргеде балапанды,  
О, кішкентай қанішер, тірісін бе?!

## ЖЕЗДІДЕ

Жезказған.  
Жездінің бұл қатпарынан,  
Еліме иен ырыс ақтарылған.  
Осында жүр жастары, қарттары да,  
Қанышынан үйреніп, хат таныған.  
Хат таныған,  
Басына бак дарыған.

Жер асты – көгілдір тау, құлама жар,  
Жер үсті – көк тіреген мұнаралар.  
Көлбеп жатқан көк тасқа сына қағар,  
Кеншілер – кереметтей ғұламалар.

Жеті қат жер астына енгенінде,  
Ұксамайды тозаққа, көрге мүлде.  
Ғұлама кеншілерді көргенінде,  
Көк тастың найза ойнатып өңменінде,  
Кенші болғын келеді сен де бірге.

Астыннан да, үстіңнен бұлақ аққан,  
Қопарылыс естілді мына жақтан.  
Жар құлап жазатайым кетпесін деп,  
Жанталасып кеншілер сына қаққан.

... Қанышынан кешегі хат таныған,  
Хал қалай деп сұрасан қарттарынан,  
Білмейді екен басқаны шаттанудан,  
Аулақ емес, әрине, мақтанудан.

## ЫРЗАМЫН

Тағы да көрдім,  
Тағы да көрем тан нұрын!  
Аязын қыстың,  
Аяулы жаздың жаңбырын.  
Алтынға, мейлі, толмай-ақ қойсын сандығым,  
Ырзамын саған!  
Ырзамын саған, тағдырым!

Шаршаған шакта,  
Шақырып сені жекпе-жек,  
Басыма менің,  
Бақыттан басқа төкпе деп,  
Тағдырым, саған  
Жүріппін босқа өкпелеп.

Өшпестей етіп,  
Өмірдің жазған бұл заңын,  
Түсінбей кейде,  
Тосырқап менің жүр жаным.  
Кеудемде мына,  
Өзің сыйлаған бір жалын,  
Лапылдап жатыр,  
Тағдырым, саған ырзамын!

## АЛТЫН АДАМ

Алтын адам,  
Алтын адам...  
Адам жок!  
Алтын қалған жарқыраған.  
Білмейміз саудагер ме, колбасы ма?  
Саран ба алтын үшін қалтыраған?!  
Сары алтынның белгілі нарқы маған,  
Қайда бірақ алтыннан артық адам?!

Кім болды екен алтынмен аптайтындай,  
Алтын жиған шонжар ма жатпай-тұрмай?!  
Кім де болсан,  
Ей, пенде!  
Күн кештің ғой,  
Ажал келсе алтының сақтайтындай,  
Алтын табыт ішінде жатпайтындай...

Шежіремді ұрлапты...  
Зулапты күн.  
Ғасырлардан бір ызын тындап тұрмын.  
Алтын адам шынымен қазақ болса,  
Білген екен құнының қымбаттығын!!!



## БОЛАШАҚҚА

Білемін,  
Керемет бір күн келеді!  
Жайнайды жасыл бағым, гүлденеді.  
Білмеймін, оны маған кім береді?  
Кім босатар жүректі түрмедегі?  
Түрмедегі жүректі кім көреді?!

Білмеймін, бір керемет күн туады!  
Жан-жағым жанаттайын құлпырады.  
Кім ашады жүректі құлпылаулы?  
Шықпақ болып шындыққа ұмтылады,  
Құлпыдағы жүрегім бұлқынады.

Көремін, керемет бір күн кешемін!  
Болашағым, сенімен бірге өсемін.  
Мен сенің үнінменен үндесемін,  
Мен сенің тілінменен тілдесемін.  
Сауық құрам бойында бір көшенін.

Болашағым, сен тұрсаң, мен өлмеспін!  
Ақиқаттың алдында бөгелмес кім?  
Жоғалмас не, өмірден жөнелмес кім?!  
Сен есен бол!  
Мен, мүмкін, еленбеспін.  
Сол ақиқат: мен сенсіз көгермеспін!!!

## ҒАСЫРЛАР СИЕЗІ

Қыркыншы ма,  
Елуінші ме ғасырда.  
Ғасырлар жиналып, ғасырлар сиезін ашуда.  
Адыра қалып алтының менен ураның,  
Парасат, ақыл арнаға сыймай тасуда.  
Өткен ғасырлар, жеткен ғасырлар жиналып,  
Таңырқар сонда жиырмасыншы ғасырға.

Өткен ғасырлар,  
Жеткен ғасырлар бас ұрып,  
Заманалардың есігі тегіс ашылып.  
Енеді сонда бүкіл ғаламдық Сарайға,  
Жығылмай туы жиырмасыншы ғасырым.  
Жанады жарық –  
Жұлдыздар нұры шашылып.

Сиезді ашады,  
Естіліп үні тұрады.  
Жанды да, жансыз дүние тегіс тұнады.  
Өткен ғасырға,  
Жеткен ғасырға сөз беріп,  
Менің ғасырым бөрінің басын құрады.

Кезекпен сөз ап,  
Ғасырлар бергенде,  
Жіберіп қойған қателіктерін көргенде.  
Бабаларына да,  
Балаларына да,  
Жиырмасыншы ғасырым  
Ақыл айтады қателіктерін жөндеуге.

Жайылар сонда ғаламға үлкен дастарқан,  
Ғасырым менің оны да өзі басқарған.  
Неге дейсіз ғой?

Неге десеңіз,  
Нағыз керемет осы ғасырдан басталған.

Салтанат бітеді,  
Ғасырлар тегіс тарасар,  
Әрбір ғасырлар өз дәуіріне жарасар.  
Жарылып бөрі осы ғасырға жол ашар,  
Ғасырымды менін,  
Болашақ ғасырлар  
Қонақ етуге таласар.

## ПАТША БОЛЫП ТҮР КӨКТЕМ

Көк шығып қалды күнгейге,  
Тұмаулы ызғар бар әлі.  
Қантардан қалған бір бейне –  
Теріскей жақта қар әлі.

Жыл құсы – жаздың хабары,  
Қанатын талмай қағады.  
Түксиіп қыстың қабағы,  
Еріксіз кетіп барады.  
Теріскей жақта маңады,  
Көлеңке іздеп барады.

Тау іші толған сайран бір,  
Танырқап құстар сайрап жүр.  
Бауыры жібіп, әлденіп,  
Жотасын көкке жайған қыр.  
Үстем боп көктем, сәнденіп,  
Тоң ұрған тауға әл беріп,  
Қалдығын қыстың айдап жүр.

Қызуын шашып Күн көктен,  
Сіркіреп нәсер бірде өткен.  
Құлағың кейде тұнады  
Құбылған мынау дүрмектен.  
Аяздың туы құлады,  
Патша болып тұр көктем.

## СОНАРДА

Күн аяз.  
Қаңтарда ма, ақпанда ма,  
Із кесіп, қансонарға аттанғанда.  
Қарайсың қырқаларға, қапталдарға,  
Қарайсың ақ қағаздай жатқан қарға.

Аймақтың қоймай тінтіп түз даласын,  
Ұрымтал жерін іздеп, із бағасын.  
Аулақта бара жатқан бір жолаушы,  
Жолынды кесіп өтсе, қызғанасын.

Іздер жатар қар бетін шиырлаған,  
(Шұбырынды із шықса, қиындаған.)  
Қызыл түлкі қырқадан қылаң етсе,  
Құмай тазы соңынан құйындаған.  
Қанды басың бері тарт, бұйыр маған!

Сайқалды соға алмаса құмай тазы,  
Құм қылып жігерінді, мұңайтады.  
Көзді арбап, қызықтырған бұл фәниді,  
Түлкі деп бұрынғылар шын айтады.

Жұтынған құмарынды жояр алдап,  
Жалт беріп сайқал түлкі қояр арбап,  
Сонардан қасқыр да емес, түлкі де емес,  
Қайтасың бірді-екілі қоян аулап...

\* \* \*

Көк шығып қалды күнгейге,  
Көгеріп бәрі кетсе екен.  
Көрінбей кеткен бір бейне,  
Көлбендеп алдан өтсе екен.

Төксе екен көктен ақ жауын,  
Ақ жаулық самал алса екен.  
Жабырқап қалған тауларым,  
Жадырап сәтте қалса екен.

Өте алмай сонау көк белден  
Шымырлап сағым қайнаса.  
Көгеріп қалған бөктерден,  
Көпсітіп жылқы айдаса.

Шыңдардан ұзап шыға алмай,  
Шынарға бұлттар байланған.  
Бұлақтар үркіп, құландай,  
Құйылса төмен сайлардан.

Сәбилер шулап жан-жақтан,  
Жағасын кезсе жылғаның,  
Үздік те создық аулақтан,  
Естілсе үні тырнаның.

## ЖАРТАСҚА ЖАЛҒЫЗ ГҮЛ ӨСЕР

Сабағы елсіз сары гүл  
Жартаста жалғыз тұр өсіп.  
Жауын ба, жел ме – бәрібір,  
Өзінше ол да күресіп,  
Жартаста жалғыз тұр өсіп.

Дәнене де атпай желігіп,  
Олжасыз қалған бір мерген.  
Отырған сәтте ерігіп,  
Жартастан жалғыз гүл көрген.

Паналап төсін көненің,  
Жыл сайын осы гүл өсер.  
Көрсетпек болып өнерің,  
Көздеді оны бір есер.

Бір есер отыр сүйініп,  
Есерді қостап жаңағы.  
Үкілі қыздай иіліп,  
Қиылды гүлдің сабағы.

Тамыры терең көмілген,  
Жартасқа жана гүл өсер.  
Өткінші мынау өмірмен,  
Өзінше ол да күресер.

\* \* \*

Ұрынбай боран, жауынға,  
Көлікке мінген аяулы-ақ.  
Алайда алыс ауылға,  
Төтелеп тартам жаяулап.

Жамылып мынау әуені,  
Маңдайым төсеп шуакқа.

Шомылып алам әуелі,  
Шолпылы сылдыр бұлаққа.

Бауырым басып құраққа,  
Құмарым қанбай тұрмаймын.  
Сонан соң шығып қыратқа,  
Бозторғай үнін тыңдаймын.

Алдымды кесіп ұшқанда,  
Беремін сәлем құстарға.  
Иіліп тағзым етемін,  
Иесіз тұрған қыстауға.

Көңілден үзіп көрімдік,  
Гүлдерге тағып кетем мен.  
Көрімдік алам өмірлік,  
Аяулы атамекеннен.

Жетемін аңсап аяндап,  
Күтіндер мені бауырлар.  
Жете алмай қалсам жаяулап,  
Қондырар мені тауым бар.

Келеді сокпак жол бастап,  
Бір белден асып бір белге.  
Жете алмай қалсам, жамбастап,  
Жантая кетем бір жерге...

\* \* \*

Сағалап сайды, жыраны,  
Паналап қонған қыстауға.  
Кеткім кеп ылғи тұрады,  
Сағыныш кейде қысқанда.

Қаладан бакыт табылып,  
Жаксарып жүр ғой күтімім.



Ансаймын кейде сағынып,  
Қыстаудың көкшіл түтінін.

Көз салып тұрсаң денгейден,  
Бір белден жана асканда.  
Бұп-бұйра түгін кернейден,  
Бұралып шықса аспанға.

Жылқылар жатса жапырып,  
Тұмсығын малып ақ қарға.  
Қалпағын бұлғап шақырып,  
Жылқышы тұрса қапталда.

...Қоңырси көңнің түтіні,  
Астына кіріп күпінін.  
Ұйқыға енді батқанда,  
Естілсе кенет шатқалдан,  
Үрейлі үні үкінін.

Бойынды мен-зең ұйытқан,  
Қызуы пештің тынбаса.  
Астында мұздың бұйыққан,  
Бұлақтың үнін тыңдаса.

Жылқылар жусап, бір дөңде,  
Бір дөңнен аппақ ай туса.  
Өткенім келіп бір демге,  
Өткен ән қайта айтылса...

\* \* \*

Аласарып ай батқан,  
Ай батқанда аймакка,  
Жұлдыз шоғын жайнатқан.  
Аумайды бір күс жолы,  
Ақтарылған қаймақтан.

Көкжиекте таулардың,  
Көтерілсе түнлігі.  
Баурайдың да, бар маңның,  
Көрінеді кіндігі.

Бастарында Мұзарттың,  
Ағарандар сәлдесі.  
...Түнгі сапар ұзақ тым,  
Бір Құдайдың әуресі.

Көзіне ұйқы байланып,  
Қалғытады бір демде.  
Түні бойы айналып,  
Жүргендейсің бір жерде.

«Шәйі орамал бір байлап...»  
Шыдамадым, өн салдым.  
Жұлдызды аспан түр жайнап,  
Кеудесіндей маршалдың.

\* \* \*

Тап-таза аспан түп-тұнық,  
Жап-жасыл шөпке шық тұрып.  
Сап-салқын ауа жұттырып,  
Айнала тегіс тып-тынық.  
Найзағай барын ұқтырып,  
Кетпесе екен бұлт тұрып...  
Сарқырап өзен сайлардан,  
Шоршиды шабақ қайраңнан.  
Жарысқан құлын, тайлардан,  
Жарымқан мынау жайлаудан,  
Садаға кетші, қайғы-арман!  
Сакташы сұмдық ойраннан?!

Төсектен тұр да, Сұлу Күн  
Төгілген нұрға жуынғын.  
Таң асып, далам суындың,  
Жуынғын, сен де жылынғын.

Сынғырын естіп суынның,  
Бұлбұлын сайрат қырынның.  
Сағынып келген самалым,  
Шашынан сипа ұлыңның.

## ҚҰТТЫ МЕКЕН

Ақ жаркын қауым,  
Бірінің қамын бірі ойлап,  
Жарандар,  
Неткен ынтымақты еді бұл аймақ!  
Тамаша ауыл,  
Тап-таза көңіл, таза аспан.  
Кетпесе екен лайлап.

Жанарып кетті, жасарып кетті жан-жағым,  
Көрді де мына көрікті жердің жандарын.  
Көтеріп тұрған ырыстың мына тауларын,  
Арымандаршы, аруағым менің, арманым.

Құтты мекенге қанатын көкпен жайған күн,  
Осынау жерге кіндігімменен байландым.  
Байырғы қазақ, бастарына кеп бақ қонған,  
Мерекелеріңнен, берекелеріңнен айналдым!

Қарттарын сыйлап, жастарын баулып түлеткен,  
Қаласын сүйген, даласын сүйген жүрекпен.  
Айналдым сенен, аяулы мекен, дарқан ел!  
Туған елінің тасына дағы гүл екен.

## БИЫЛҒЫ МАЙ

Не деген ғажап еді биылғы Май!  
Табиғат та сыйлайды-ау сыйын бұлай!  
Шуақ толы үйлердің әйнегінен,  
Актарылып, сыртқа нұр құйылғандай,  
Не деген ғажап еді биылғы Май!

Шуақ жанып барады, шуақ жанып,  
Құмарланып барамын, құмарланып!  
Теріскейден, түстіктен төгілген нұр,  
Шыдамды алып барады, шыдамды алып,  
Бір бейтаныс арудай сылаң қағып,  
Шыдамды алып барады, шыдамды алып.

Әппақ нұрға ақ жаным ділгер едің,  
Адамдардың жүзінен нұр көремін.  
Алтын сағым ойнап тұр аймағымда,  
Алтындатып жатыр ма іргелерін?!  
Алтын күнім солармен бірге менің,  
Алақайлап, ойнап жүр бірге өлеңім.

Жер жасыл, аспан жасыл – жасыл бәрі,  
Бү несі жасылға кеп бас ұрғаны?!  
Ана-Жерді колға алсан тасын дағы.  
Жап-жасыл гүл даяр тұр ашылғалы,  
Бәрі көктеп барады, жасыл бәрі.

Адымдай бер, адымда!  
Адымда, Май!  
Күренітпей бұлттанбай, дауылдамай.  
О, Жарық! Құйыла бер, құйыла бер,  
Құйыла бер бір сәт те дамылдамай!  
Не деген ғажап еді биылғы Май!  
Қуаныш болса, болсын биылғыдай!  
Табиғат аямасын сыйын ұдай,  
Жасасын, Болашақ – Май биылғыдай!

## ТҮНЖЫРАҒАН ОЯУ БАҚ

Жапырақтар түсіп жатыр,  
Түсіп жатыр...  
Неліктен?!  
Айрылып бара жатыр ағаш біткен көріктен.  
Көргенсіз де,  
Жүгенсіз де,  
Күздің бұзық бораны,  
Бала-бақтың, дала-қарттың,  
Шашын түтіп желіккен.

Жапырақтар ұшып жатыр,  
Түсіп жатыр,  
Аяулы-ақ...  
Емін-еркін тапап келем,  
Кешіп келем жаяулап.  
Сыйдың-сыйдың бұтақтары  
Жебесіндей садақтың.  
Мені көздеп тұр ма деймін,  
Түнжыраған ояу-бақ...

Жапырақтар ұшып жатыр  
Терек пенен еменнен,  
Бірденені жұлып жатыр  
Жүрегімнен,  
Денемнен.  
Жаздың жазған кітабына  
Редактор күз болып,  
Кейбір жолдар,  
Кейбір ойлар  
Ұшып жатыр өлеңнен.

## АДАСҚАН ШАҒАЛА

Жаным-ау, кайдан жүрсің, ақ шағала,  
Келсең кел, бұл өлкені жат санама.  
От-суы мол осынау байтақ алқап,  
Сая болған батырға, патшаға да.

Қылша мойын жаным-ау, қылыш канат,  
Кимай мені келдің бе туыс санап?  
Ақ ниетпен келдің ғой қалайдағы,  
Шашсам ба екен күн нұрын уыстап ап.

Айдыным жоқ төсіңмен шимайлаған,  
Аялайды, әлдилеп мидай далам.  
Толқынға қонақтаған еркетотай,  
Толқынсыз қара суға кимай барам.

Кім екен саған еткен зорлық, қысым,  
Адасқан Атыраудан зарлықпысың?  
Көлшігім, бұлақтарым – бәрі саған,  
Адасқан Отанынан зарлық құсым.

Қонбасынды білемін қыр басына,  
Толқының жоқ жаныңмен сырласуға.  
Бәрі де табылар-ау бұл өмірден,  
Тек Отаның жетпес-ті бір басына...

\* \* \*

Күн жылыған, жер жібіген,  
Құстар келген шақтарда.  
Төрдегі өрген төрт түлікке,  
Төл жамырап жатқанда,  
Көзімді алмай қарайтынмын егістікке телміріп,  
Бірде шалқып,  
Бірде жанған, бірде өшкен оттарға.

Естігенде сазға қонған сарала қаз саңқылын,  
Көктем келіп қалыпты-ау деп,  
Табатын-ды жан тыным.  
Қара нөсер төгіп тұрған кара бұлт ішінен,  
Анғарушы ем айқұш-ұйқыш,  
Алмас қылыш жарқылын.

Содан жаз кеп, ен жайлауға – Шалкөдеге көшкенде,  
Алдымыздан аңқушы еді Айғайтастан ескен жел.  
Туған жерін өмір бақи ұмытпасын деген ғой,  
Айналайын Аналарым кіндігімді кескенде.

Содан ба екен, қалам тартсам, жыр тумады жерімсіз,  
Мен сеземін, күтіп жатыр,  
Күтіп жатыр тек үнсіз.  
Туған жердің топырағын сүйе алмасам мәңгілік,  
Онда мені қалды дендер көмусіз де кебінсіз...



## АРМАН ҚУЫП...

Айтпашы,  
Айтпасан да білем, білем,  
Білемін де күлемін, ренжімен.  
Әзірге көзім ашық, көңілім де ашық,  
Жыланды ажыратам жылы өңдіден.

Мүмкін, кақың бар шығар мақтануға,  
Алайда асып-тасып, ақтарылма.  
Кімдер болып, ал кімдер болмай жатыр,  
Аумалы да төкпелі шақта мына.

Бакытты бол, жұлдызың жанған шығар,  
Кез емес қой бірақ та арман тынар.  
Бір арманның беліне мінгеніңмен,  
Бір арманың бұландап алдан шығар.

Адам, сірә, бакытын місе еткен бе,  
Армандайық, армансыз кісі өткен бе?  
Байламы жоқ бакытка құлдық ұрмай,  
Не жетсін арман қуып, іс еткенге.

Көңілімізді бакытпен алдандырып,  
Арман қуып келеміз, арман қуып.  
Арман барда, арманға тоқтау бар ма?  
Жан бар ма екен арманға салған құрық?!

\* \* \*

Бәрі жасыл:  
Жер жасыл, аспан жасыл,  
Жасыл бұлт, жағалай кеп асқарға асыл.  
Жабырқап жартастардан кашқанда сұр,  
Жасыл маң, ағыта гөр тастарға сыр.

Бәрі жасыл:

Жасыл қыр, жасыл белес,  
Жабырқау жартас қана жасыл емес.  
Әжім-әжім тастардың беттерінде,  
Тұрақтамай кезіп жүр жасыл елес.

Жасыл емес тас қана, дара тұрған,  
Сұрынан суықтықтың зәрі атылған!  
Тас қаншама мөңгілік болғанымен,  
Өнуге емес, өлуге жаратылған.

Күн көзінен күмістей шашылған нұр,  
Жасыл орман, жасыл көл, жасылдан қыр,  
Жасыл кілем жаба сал, жасыл көктем,  
Жабырқаулы жартасты жасылдандыр.

## ЖЫЛДАРЫМ МЕНІҢ, ЖЫЛДАРЫМ

Жылдарым менің, жылдарым,  
Жазылмай қалған жырларым.  
Айтылмай жүрген сырларым,  
Ақтармай жүрген мұңдарым,  
Жылдарым, кайран, жылдарым.

Жылысып өткен жылымды,  
Жоғалтқан өмір дер едім.  
Айта алмай қамап мұнымды,  
Шерменде болып келемін.

Көргенім ылғи өгейлік,  
Қуанам неге тоқсынып.  
Жыл өткен сайын кедейлік,  
Жыл келген сайын жоқшылық.

Кедейдің көңілін жасытып,  
Мұң басады екен мұндайда.  
Дәулетімді тасытып,  
Бақытқа бөлер жан қайда?

Жылдарым менің, жылдарым,  
Айтылар ма екен сырларым.  
Ашылар ма екен мұңдарым,  
Жазылар ма екен жырларым.

\* \* \*

Бұрын ылғи құс сайрайтын тереземнің алдында,  
Алақарға қарқылдайды...  
Неңдей сикыр бар мұнда?!  
Көгершіндер, шымшықтар-ау...  
Қайда кетіп қалдыңдар?  
Аласапыран, абайсызда айырылып қалдым ба?!  
Неңдей сикыр бар мұнда?!

Алақарға... Алақарға...  
Қарасы өшсін құрғырдын!  
Шымшықтардың шырылы мен үні қайда?  
Шынашақтай бұлбұлдың?!  
Құстарымды тереземнен кім қуды?!  
Мен қудым ба?!  
Жын қуды ма?!  
Әлде өзім алақарға!  
Жігерімді құм қылдын...

## ТАҢДАНБА, ЖАНЫМ, ТАҢДАНБА

Орманға, тоғай, талдарға  
Оңаша жалғыз барғанда,  
Серігін іздеп жалғаннан  
Сұнқылдаса сұр көкек  
Отырып ескі тамдарда,  
Танданба, оған танданба!

Оңаша сон-оу тауларға  
Оңаша өзін барғанда,  
Құлақ сап көрші бар маңға.  
Сыбызғы тартып сұр бұғы,  
Маралын іздеп зарлауда,  
Оған да, жаным, танданба!

Сорғалап соңоу заңғардан,  
Шаңқылдап қыран самғауда.  
Серігін іздеп жалғаннан,  
Оған да, жаным, танданба!

Үмітінді артып арманға,  
Адасып достан қалғанда,  
Өзін де, жаным, жалғызсын,  
Өзіне-дағы танданба!

Өкінбе жалғыз жүрмін деп,  
Несіне өмір сүрдім деп.  
Бәрінің де аты – жалғыздық,  
Келеді бәрі бір-бірлеп,  
Кетеді бәрі бір-бірлеп.

## БІЗДІҢ ЖАҚТЫҢ ІҢІРІ

Әлдеқашан жасырынды, күн батты,  
Ауыл үстін алаң-елең түн жапты.  
Сонау егіс даласында колхоздың,  
Қызған еңбек әлі-дағы тынбапты.

Жарқырайды түнгі ауылдың оттары,  
Адам даусы, пыскырынған аттары.  
Қызыл сәуле бір көрініп, бір сөніп,  
Белден асып машиналар кетті әрі...

Дүбірлеткен көшеміздің жан-жағын,  
Дыбыстары машинаның, арбаның.  
Қалтырайды қойлы ауылдың оты да,  
Жағасында тасып жатқан арнаның.

...Күндегіден әлдеқайда жай тіпті,  
Қыр астынан өрең-өрең Ай шықты.  
Жатағынан кешеу қалған топ үйрек,  
Жаңа ғана жайылымнан қайтыпты.

Көз алдымда оның кейпі, сыр, түсі,  
Сыпайы бір ашық-жарқын күлкісі —  
Ар жағында қарауытқан қыраттың,  
Әндетеді менің досым жылқышы.

Өсекшіл жел сыбырлайды алыстан,  
Сырын ұрлап жастардың да табысқан.  
Әлі қарап, мен де тұрмын бір үйге,  
«Жұмысынан келді ме?» деп таныс жан...

Қабағы таудың катулы,  
Қар жауа ма, кайтеді?!  
Бұлақтар мұнда батулы,  
Мұз тұра ма, кайтеді?!

Ай туыпты шалкалап,  
Шатынап аяз болар ма?!  
Тыныстай қапты шартарап,  
Шарқ ұрып дауыл соғар ма?!

Жапсаң жап тауды, қыратты,  
Жаусаң жау, ақ қар, үш апта!  
Бұйығып жатқан бұлақты  
Бұрқана келіп құшақта.

Дала, орман тегіс ілбіпті,  
Соксаң сок, дауыл, серпіл бір!  
Мына бір бейқам тірлікті  
Желпіндір, дауыл, желпіндір.

Шалкадан туған Айды да  
Орақ қып көкке шаншып қой.  
Жол ашсаң мұнға, қайғыға  
Тірлігің онда мансұқ қой.

## ЕЛІМ БАРДА

Не сыйлайды, не береді келер күн?!  
Неде болса тірі тұрсам, көрермін.  
Желідегі құлынымын мен елдің,  
Көгендегі козысымын мен елдің.

Не сыйласын, несін берсін ел маған?!  
Тұрсақ екен елім де аман, мен де аман.  
Таулар – менің таусылмайтын бақытым,  
Ал ырысым – ұлан-ғайыр кең далам.

Не істемекпін алтын, гауһар, жақұтты,  
Оларды іздеп өткізбеспін уақытты.  
Мен бақытсыз бола қойман сірә да,  
Туған елім болса екен бақытты.

Дәнене де сыйламасын келер күн.  
Сый көрмей-ақ суалармын, сөнермін.  
Туған елім тұғырында тұрса екен,  
Әрі қарай...  
Әрі қарай көрермін...



## ТҰЛПАРЛАРЫММЕН БІРГЕМІН

Іздесең мені кімде-кім,  
Қаладан іздеп жүрмегін!  
Үйіме де іздеп кірмегін!  
Аязды боран, ақ таудың  
Арасында өмір сүргемін.  
Солармен мәңгі біргемін.

Жетелеп мені ілгері,  
Күндерім менен түндерім,  
Төсек сап қардан бір керім,  
Қарыма құрық ілгемін.  
Іздесең мені кімде-кім,  
Сол жерден келіп бір көрін!

Ақ түтек ашық ақпанда,  
Ақ сайда жылқы баққанда,  
Құрықты шаншып ақ қарға,  
Аспанға қарап тұрам мен,  
Құс жолы – Болашақтарға.

Қар теуіп жылқым жатқанда,  
Ракат одан шак бар ма?!  
Керек қой күзет өмірге  
Дүние ұйықтап жатқанда...

Ақ қырау шалып тұлымын,  
Кісінеп қойса құлыным,  
Кетеді бойым жылынып,  
Бүлк етіп менің жұлыным.

Айтамын, айтам қайталап,  
Тұлпарлы жердің ұлымын!  
Ракетадан кем емес,  
Шаншылған менің құрығым!

Сондықтан асау қылығым...  
Қашырар құтын ұрынын!

...Іздесең мені кімде-кім,  
Бұл жерден іздеп жүрмегін!  
Аязды ақ қар түндемін,  
Ақ тозаң боран күндемін,  
Тұлпарыммен біргемін,  
Іздесең мені кімде-кім,  
Сол жерден келіп бір көрін!

## СЕН МЕНІҢ ЕЛІМЕ БАР...

Сен менің еліме бар, жерімді көр.  
Жандар бар әр нәрсенің жөнін білер.  
Қонағы бол, жыл сайын келіп жүрер,  
Асылы бол, жыл сайын көріп жүрер,  
Ардағы бол, артатын сенім, жігер!

Сол жердің мен сияқты ақымағын,  
Оқымасаң, оқыма, оқымағын.  
Мен туралы сөйлейді шоқыларым,  
Мен туралы сыр шертер топырағым,  
Таста мені, кайтесің, оқымағын.

Мені сұра бастаудан, жылғалардан,  
Тоғайдағы көлшіктен, тұнбалардан,  
Мені сұра сағымнан қуған арман,  
Тал-шыбықтан сұрағын сырғаланған.  
Таудан сұра, найзадай шыңдарынан  
Шыға алмай таң сәріде Күн қадалған.

...Мен – бір бөкен, аулаққа желіп кеттім.  
Желіп кеттім, басымды ерікті еттім.  
Сен менің жырымды оқы, ұнамаса,  
Менің туған жеріме көміп кеткін!..

## ПОЭЗИЯ

Поэзия!

Менімен егіз бе едін?

Сен мені сезесің бе,

неге іздедім?

Алауыртқан тандардан сені іздедім,

Қарауытқан таулардан сені іздедім.

Сені іздедім кездескен адамдардан,

Бұлақтардан, бактардан, аландардан.

Шырақтардан, оттардан, жалаулардан,

Сені іздедім жоғалған замандардан.

Сені іздедім досымнан, қасымнан да,

Ақша бұлттан іздедім, жасыннан да,

Сен бе дедім ақ нөсер ашылғанда,

Қызыл-жасыл шұғыла шашылғанда,

Көкжиек пен көкжиек қосылғанда.

Махаббаттан іздедім, сағыныштан,

Арманымнан іздедім алып ұшқан!

Сәттерімнен іздедім жаңылыскан,

Сені іздедім жадырау, жабығыстан.

Сені іздедім зеңбірек гүрсілінен,

Күннен, түннен, гүлдердің бүршігінен.

Қуаныштан, түршігу-күрсінуден,

Жүректердің іздедім дүрсілінен.

Сені іздедім сезімге у шараптан да,

Минуттерден іздедім, сағаттан да,

Сені іздедім.

Іздеймін тағат бар ма?

Сені маған егіз ғып жаратқан ба?!

## ТАУДАҒЫ КӨКТЕМ

Сай-саланы  
Аймалады,  
Жоталардан жел есті.  
Көк қарағай  
Көп баладай  
Күбір-күбір кенесті.

Қасқа бұлақ  
Тастан құлап,  
Бара жатыр шапқылап.  
Шынылдаған,  
Сыбырлаған  
Айқай тастар – сакқұлақ.

Бір жүреппен  
Дір-дір еткен  
Жасыл талдар, жас талдар.  
Еміренген,  
Тебіренген  
Ақбас Ата – асқарлар.

Күннен – бөркі,  
Гүлден – көркі,  
Тау тамаша, тау алып.  
Қатпар басын,  
Шатқал, тасын  
Көрген сайын жаңалық.

Айналана,  
Сайға кара,  
Шынға кара ақ мандай.  
Бала шағын,  
Болашағын  
Көктеп келе жатқандай.

## САП-САРЫ ЖАПЫРАҚТАР

Сап-сары жапырақтар...  
Сап-сары жапырақтар...  
Саудырап құлап жатыр атырапқа.

Біреудің жанарында,  
Біреудің табанында,  
Сап-сары жапырақтар жоғалуда.  
Қаусаған қаңқасы тұр ағаштардың,  
Жасыл бақ тоналуда, тоналуда.

Естілмей құстың өні,  
Естілмей құстың үні,  
Жалғанның кетті сәні, ұшты гүлі.  
Сырғасынан айырылған ақ қайыңның  
Басына бар ғаламның түсті мұңы.

Сап-сары жапырақтар,  
Сап-сары жапырақтар,  
Саудырап құлап жатыр атырапқа.

## АҚҚУЛАР, ҚОШ БОЛЫНДАР

Аттанып бара жатыр аққу-қаздар,  
Қош енді, қош болындар, гәкку-наздар!  
Кеудемде күңіренген дастан қалды,  
Киелі қанатымен аққу жазған.

Аққулар, кешіріндер, жазықтымын!  
Қараймын керуеніне қажып бүгін.  
Адасып кетті-ау бірге сендерменен,  
Алапат күшім менен нәзіктігім!

Сыңқылдап соғылғанда қанаттарын,  
Таба алмай қалды менің тағат жаным.  
Үзілген жолдарына, қарақтарым,  
Үзілген жанарымды сабақтадым.

Ақ көлдің айдын төсін шимайлаған,  
Сұлулар, жатыр сені қимай далам.  
Аққу боп неге ғана жаралмадым,  
Адам боп өзіме-өзім сыймай барам.

Аққулар, алданыш па ең, арман ба едің?  
Қош енді, қанатым жоқ самғар менің!  
Нуларым сынсы жылап қалды-ау менің,  
Суларым жетімсіреп қалды-ау менің!..

## ӨМІР СҮРЕЙІК АЛМАСЫП

(Әні бар)

Жапырақ-жүрек, жас қайын!  
Жанымды айырбастайын.  
Сен адам бола бастасан,  
Мен қайың бола бастайын,  
Келісесің бе, жас қайың?

(Көрінер, мүмкін, кімге ерсі).  
Өмірінді маған бір берші!  
Дүрбелең мына дүниені,  
Адам көзімен бір көрші.

Қайың боп мен де бағайын,  
Орманнан орным табайын.  
Беймәлім маған өмірге,  
Қайың көзімен қарайын.

Сендағы жерден нәр алдың,  
Мендағы жерден нәр алдым.  
Біреуден сен де жаралдың,  
Біреуден мен де жаралдым.  
Тілің жоқ, жанды қайың – сен,  
Айырмашылығым – Адаммын.

Мендегі бары бір жүрек,  
Беріпті жүрек саған мын.  
Сондықтан ұзақ жасайсың,  
Құрдасы келер заманның.

Бар-жоғы менде бір жүрек,  
Ол өлсе, мәңгі кеткенім.  
Сендегі семсе мын жүрек,  
Келгенде жасыл көктемің,  
Тірілер қайта дүркіреп.



Жапырак-жүрек, жас қайың!  
Жанымызды айырбастайық?  
Адам боп жүрсен қасқайып,  
Қайың боп тұрам қасқайып,  
Тәуекел, айырбастайық!

Өмірге өмір жалғасып,  
Анамыз жерге жармасып,  
Бірде адам, бірде қайың боп,  
Сүрейік өмір алмасып...



# Аққулар ұйықтағанда



## АҚҚУЛАР ҰЙЫҚТАҒАНДА

### 1

Өзен де жоқ сыймаған арнасына,  
Жылға да жоқ даламен жалғасуға.  
Тастан түнған жанбырдын тамшысындай,  
Қалай біткен мына көл тау басына?!  
Мөлдiрейдi, қарайды қарға, шынға,  
Жалғыздыктан жамандық бар ма, сiрә.

Қанша ғасыр өттi екен, қанша заман?  
Қанша ұрпақ кеттi екен, қаншама адам?  
Қанша шырша өстi екен, құлады екен,  
Жетiмкөлге қараудан шаршамаған?

Жетiмкөлден су iшкен қанша марал,  
Қанша киiк қалды екен сай-салада?  
Қанатынан үзiлiп ән-самала,  
Қаншама аққу кеттi екен – ансаған ән?

Ортаймаған Жетiмкөл толмаған да,  
Болған өмiр ұқсайды болмағанға.  
Сызат та жоқ бетiнде, сызық та жоқ,  
Айдынына аққуы қонбаған ба?!

Қызғыштары қиқулап, қорғағанда,  
Сорлағанға ұқсайды, сорлағанға,  
Шүрегейлер айдынын қорлағанда,  
Көкқұтандар қанатын қомдағанда...

Беу, дүние-ай, аққулар оралғанда,  
Айдын көлдiң иесi жол алғанда.  
Жетiсiп бiр Жетiмкөл қалушы едi-ау,  
Тынушы едi-ау, теңселген қара орман да.

Таянғанда аккумулялар қонар маңға,  
Басушы еді-ау байызын бар арман да!  
Қанатынан аккумулядың балапандап,  
Ән ұшатын сымпылдап таң атарда.

Сүйінші бер дегендей бір толықсып,  
Сыбырлайтын Жетімкөл Алатауға.  
Тына қалып бұлбұл да жаға талда,  
Қарайтұғын айдынға, ақ отауға.

Таң мен күннің арасы таянғанда,  
Таудың басы алаумен боялғанда.  
Тірілетін таудағы бар тіршілік,  
Қанатынан аккумулядың оянған ба?!

Көмейінде тәтті үні былай қалып,  
Жаға талда жас бұлбұл тұр ойланып.  
Жетті аккумулялар,  
Түгендеп Жетімкөлін,  
Жағалауда ұшып жүр шыр айналып,  
(Бірден көлге қонбайды құлай барып).

Сондайтұғын, аккумулялар сондайтұғын,  
Асығыстық оларда болмайтұғын.  
Қомағай көкқұтандар секілденіп,  
Жалп беріп, жағаға кеп қонбайтұғын.  
Сондайтұғын, аккумулялар сондайтұғын,  
Ақ мүсін айдынға кеп орнайтұғын.

Әлдилеп ақ төсінде бермей тыным,  
Ақ айдын ақ мүсінін тербейтұғын.  
Бұл көлге мылтық алған саятшы емес,  
Тірі жан аяқ басып келмейтұғын.  
Аккумулялар аман-есен қайтқанынша,  
Суына Жетімкөлдін шөлдейтұғын.  
(Суымен сырқаттарын емдейтұғын).

Ұрпақтан-ұрпақ алып жалықпастан,  
Сондай бір дәстүр бар-ды қалыптасқан.  
Заманнан-заман өткен, жанарған жұрт,  
Аққуын айдын көлдің налытпастан,  
Дәстүрін аттамаған, анық басқан.  
Сондай бір дәстүр бар-ды жарық шашқан,  
Бір ұрпақ бір ұрпаққа алып қашқан.

Қайсыбір қиын-қыстау ай, күндерде,  
Шойырылтып түсседағы қайғым белге,  
Алаңсыз аққуымды атпасын деп,  
Жатқа да дастарқанды жайдым төрге,  
Аққулар ұйықтағанда айдын көлде...

...Оралмады аққулар осы маңға,  
Жылдар өтті, байғұстар шошынған ба?  
Жетімкөл жетімсіреп қала берді,  
Арман-ай, аққуымен қосылар ма?!

## 2

Бала жатыр төсекте, албыраған,  
Әке жатыр еденде, қалжыраған.  
Түн күзетіп ана отыр, қос жанары  
Шарасыздан шаршаған, жаудыраған.  
Түні мынау – тамыздың маужыраған,  
Тауын анау – шымылдық салбыраған.

Биік барып жаралған жер бетінен,  
Сол байырғы Жетімкөл келбетімен.  
Айдынында аққулар ұйықтап жатыр,  
Сайдан соққан самалмен тербетілген.  
Жер бетінде тыныштық, көл бетінде,  
Қауышыпты қара орман, көл де, түн де.

Бала жатыр төсекте күйіп-жанып,  
Баласының ана отыр күйін бағып.  
Қайдағы бір қатыгез сұрқай ойлар,  
Миын қарып барады, миын қарып.

«Саркытындай өлімнің қалған қарға,  
Екеу болса, дүние-ай, арман бар ма!...»  
Арагідік назарын аударады,  
Төрт бүктеліп еденде қалған жарға.  
Кауіптеніп түндерге, тандарға да,  
Үн шығармай іш құса зарлауда ана.

«Мана күндіз тәуіп шал не деп кетті?!  
Әлде өтірік, әлде шын демеп кетті...  
– Аққуменен баланы аластандар,  
Дедідағы жәйімен жөнep кетті...»

– Тұрсаңшы,

таяу қалды таң атуға,  
Неткен жансың, санасыз жаратылған?!  
Манағы тәуіп шалдың айтқан сөзі,  
Ұмытылып кетті ме санатыннан?  
...Айналайын аққудың қанатынан,  
Қайтеміз, ол да адамға бола туған.

Жетімкөлге барып қайт таң жамылып,  
Таң атқанша қалайда тауға ілік.  
Біреулердің көзіне түсіп қалып,  
Дүрліктірме жұртыңды, салма бүлік!  
Кім білсін, мүмкін, бәрі жалған үміт...

– Апыр-ай, қалай барам, қалай барам?!  
Атармын аққу құсты қалай ғана?!  
Айдынның аққулары ұйықтағанда,  
Өрген мал, өскен шырша абайлаған,  
Барлығы қасиетке қарайлаған,  
Оқ атам қасиетке қалай ғана?..  
Бармаймын, бара алмаймын, қалай барам?!

Адуынды жан екен алған жары:

– Жалғыз ұлдан артық па, жалған бәрі!

Балам өлсе, бақыттың керегі не?!  
Топан су басып кетсін қалғандарын.  
Перзент сұрап несіне армандадың?!  
Құрысын онсыз сенің жанған бағың!  
Мылтықты әкел!

Атты ертте!

Жалған бөрі!

...Оятып дүниені дел-сал қылып,  
Тамыздың таңы да атты тамсандырып,  
Сай-сайдан бошалаған бозала таң,  
Таудағы тіршілікке ән салдырып,  
Еміндіріп, еріксіз қарсы алдырып,  
Бұлбұлға дүниеге жар салдырып,  
Тамыздың таңы да атты тамсандырып.

Қасқа таң.  
Бұлбұл үні.  
Көл бетінде,  
Аққулар ұйықтап жатыр тербетіле.  
Баспағып жағада отыр жалғыз ана,  
Танданып тәкаппар құс келбетіне.

Тығып ап тұмсықтарын мамығына,  
Айдын – төсек, аспанды жамылуда.  
Арша, шырша, жартастар жағадағы,  
Сұғынып, бөрі көлге табынуда.  
Аласұрып, қан ойнап тамырында,  
Ана-жүрек тыпыршып, қабынуда,  
Не қыларын біле алмай жабығуда.

Асқар белден күн нұры шашырады,  
Шашырап, ол да көлге бас ұрады.  
Құс аппақ, айдын аппақ, нұр да аппақ,  
Аппақ нұр – аппақ нұрға қосылады.

Көл – көкке,

көк – көлге кеп асылады,

Ұйқысы аккулардың ашылады.

Сұлулыққа сұқтанып, қашып әлі,

Ана-жүрек солк етіп, басылады.

Қызғанып қызғыш байғұс шыр айналды,

Абыржып ана көңіл мың ойланды.

Ғазиздің көзінде емес, көңілінде,

Айдын көл астан-кестен лайланды.

Дәстүр, ырым, жәйімен Құдай қалды,

Жалғыз ұлдан басқасы былай қалды.

Айдынның акқуының орынына

Көргендей, көзі тұнып, құмайларды.

...Аккулар...

Акку мойын, сүмбе қанат,

Алаңсыз тарануда күнге қарап.

Айдынның еркелері, білмей тұрмын,

Етермін тағдырынды кімге аманат?!

Жаны сұлу ақ еркем, ары сұлу!

Бір мамығы майысса ауырсынып,

Тарак етіп тұмсығын, тарайды кеп,

Тарайды кеп, тарайды қауырсынын,

Құм тұрса да, бір түйір ауырсынып,

Жаны сұлу ақ еркем,

ары сұлу!

Ақ қанатын сабалап, асыр салып,

Бірде суға сүнгиді басын малып.

...Ойнасыншы, ойнасын ерке құстар,

Тыныштығын олардың қашырмалық.

Мерген отыр жағада.

Ей, акша бұлт,

Жаулығынмен оларды жасыр барып.



Баспағады шыршанын қалқасынан,  
Қаруынан қолында қан сасыған.  
...Ал, аққулар,  
Аққулар тарануда,  
Сусып түсіп су моншақ арқасынан.  
Қарайды ана шыршанын қалқасынан.

«Сірә, сорлы жоқ шығар менен өткен,  
Құлынымның қасынан неге кеткем?!  
Ошақ қасы, от басы, көрмеппін ғой,  
Дүние-ау, сен осындай керемет пе ең?!»

Ана отыр.  
Озбыр ойлар камалауда,  
Қаумалауда, әлдекім табалауда.  
...Аққулар ақ айдынды қалдырды да,  
Тартты кеп ана отырған жағалауға.

Шошымай шолжаң өскен батырларын,  
Ана отырған шыршаға жақындады.  
Көзі тұнған бейбағың топ аққуға,  
Білмей қалды мылтықтың атылғанын.  
Көздің алды көк түтін, ақыл – жарым,  
Білмей отыр жанағы тыныштықтың,  
Сүт ұйыған тегешін сапырғанын!..

Ию-кию көл маңы, астан-кестен,  
Жер айналып, тау құлап, аспан көшкен.  
Жаңғырығып, жар салып жартастар тұр,  
Жетімкөлдін қайғысын бастан кешкен,  
Көріп-біліп, таныпты тастар да естен.

Алып аспан астына сыя алмай бір,  
Айдын көлін аққулар қия алмай жүр.  
Мөлдіреген Жетімкөл көкке қарап,  
Мөлтілдеген көз жасын тыя алмай тұр,  
Айдын көлін аққулар қия алмай жүр.

Сан айналып, сұнқылдап ұштыдағы,  
Сапар жолға мезгілсіз түстідағы,  
Бетін түзеп, батысқа бағыт алып,  
Карғыс атқан мекеннен көшті бәрі.

Тау жанғыртып тамаша құстың әні,  
Қош айтысып көлменен, ұшты бәрі.  
Көл бетінде көлбендеп жаралы акку,  
Ұша алмайды, ұшпақ боп күш кылады...

Сыңар қанат сынық құс байлауда тұр,  
Тағы бірі айдында жайрап жатыр.  
Қан аралас қалқыған мамығымен,  
Жетімкөлдің толқыны ойнап жатыр.  
...Қасиетке оқ атып, жойған пақыр,  
Қалай алып кетерін біле алмастан,  
Сүле-сопа, жағада ойлауда құр.

Жетімкөлден сән кетті мана түнған,  
Акку кетті, ән кетті қанатында.  
Асқар-асқар таулардан асып әрі,  
Шың-құздардың үн қалды қабатында.  
Акку әні естілмей қалатын ба?  
Алатаудан үзілтіп Қаратауға,  
Жаңғырығып жартастар таратуда...

### 3

Жетімкөлдің басында жылқы жатқан,  
Дөнге шығып, қарт тұрған жылқы баққан:  
«...Апыр-ай, бұл кім болды таң сәріде,  
Көргенсіз, көл басында мылтық атқан?!  
Құстардың зәре-құтын шырқыратқан,  
Неғылған қаныпезер құлқы қатқан?!

Мылтықты атарлықтай көлге келіп,  
Апыр-ай, жоқ еді ғой елде желік...»

Мылтық даусы, құстардын шулағаны,  
Шыдамын алды қарттың, бермеді ерік.

«Бұл манның адамы емес, сірөдағы,  
Білейін, табайын да бір амалын.  
Қаруы бар кәззапқа құрықпенен,  
Ұмтылса, қалай қайрат қыла аламын?!  
Жөн болар алыс тұрып сұрағаным...»  
...Аққу үркіп,  
батысқа бет түзеген,  
Қамшы басты атына, шыдамады.

Алыс тұрып, ақырды қыр басынан:  
«Берекесін бұл жердің кім қашырған?...»  
Өнім бе, түсім бе деп танданады,  
Көз алмай орамалды ұрғашыдан,  
Көз алмай сүле-сопа тұлғасынан:

– Ей!  
Кімсің?  
Тірісің бе?  
Жаның бар ма?  
Аққуды неге атасың, арың бар ма?!  
Тастағын қаруынды, келгін бері,  
Келгін бері, кеуденде жаның барда!

...Байғұс әйел үн-түнсіз жылап тұрды,  
Қарттың үні мең-зең ғып құлаққа ұрды.  
Қолындағы мылтығын құлаштап кеп,  
Бөгелмей Жетімкөлге лақтырды.

Қартқа қарай ақырын аяндады,  
Қарусызға қарт келді, аянбады.  
...Көзінен жас,  
көңілінен зар төгіліп,  
Болған жәйтті келіні баяндады.

– Әй, балам!..  
Болмады ғой, болмады ғой...  
Қасиет кетті көлден, сорлады ғой.  
Тәуіптің айтқанының бәрі өтірік,  
Атқа мін, ауылға қайт, олжаны қой!..

Мін атқа, қайт ауылға тағат қыл да,  
...Білмеймін, сор аттың ба, бак аттың ба?!  
Акқуға кезенерде, ырым жасап,  
Тым құрыса саусағыңды қанаттың ба?

– Әлек боп, арпалысып сор-қайғымен,  
Жок, ата, жасамадым ондайды мен...  
Жасымнан естігенім бар-тын еді,  
Әйтеуір аққу атқан онбайды деп...

– Солай, солай..  
Аманат бір Құдайға..  
Қай-қайдағы түседі құрғыр ойға..  
...Ат басын шұғыл бұрып, тайып тұрды,  
Қарт тастап нелер сұмдық сырды бойға.

Бәрі ұмыт: бақытын да, байлығың да,  
Күлкі, шаттық, күйзелткен қайғы, мұң да.  
Жетімкөл жетімсіреп қалып қойды,  
Бір өлі, бір тірі аққу айдынында..  
Бар өмірден көңілі шайлығыуда,  
Байғұс ана еркінен айырылуда.

Әлденеден сұм жүрек сескенеді,  
Арагідік әлдене ес береді.  
Табиғаттың, таудың да, аққудың да,  
Байғұсқа болмай қалды еш керегі.  
Келеді ана, сезбейді ештеңені.

Бай ұмыт, әлсіз жатқан бала да ұмыт,  
Қайтқан құстай алыстап барады үміт.

Көліменен коштасқан акку үні,  
Құлағына келеді арагідік.

Өмір емес өмірі, қораштанған,  
Байғұс ана тірліктен қалас қалған.  
Келеді ана қарабет қаракшыдай,  
Ел мен жерден біржола аласталған.  
Аппақ нұрды көре алмай ақ аспаннан,  
Түн-түнекте бейне бір адасқан жан.

...Абыр-сабыр, үй маны дүрбелең-ді,  
Алғаш ана абыржып, білмеген-ді.  
Ат үстінен түсе алмай қатып қалды,  
Мелшиіп, білмей тіл мен үн дегенді.  
Білмейді, қайда келді, кімге келді.

Өң бе, түс пе, әйтеуір таласуда,  
Өлі менен тірінің арасында.  
Отырғандай Жетімкөл жағасында,  
Акку жатыр көзінің шарасында.  
Аунап түсіп атынан, үйіне енді,  
Есіне алып ерін де, баласын да.  
Өліп жатқан ұлына қарасын да,  
Қалсын ана Жетімкөл жағасында,  
Өлі менен тірінің арасында.

...Аппақ нұрмен шомылтып айналаны,  
Ақ сәулемен айдынның ойнағаны,  
Көз алдында...  
Құлақтан кетер емес,  
Таңда бұлбұл тамылжып сайрағаны,  
Көз алдында аккудың жайрағаны.  
Сынар канат, сынық құс – жаралы акку  
Өлі аккудан кете алмай айналады.

Ақ төсек – аппақ айдын, акку – бала,  
Жаралы акку секілді жаттын ба, ана?..

«...Мына жатқан Жетімкөл, мына аккумуляды,  
Өз қолыммен өлтірдім, аттым жана...

Жок!

Мен емес...

Мен атпадым...

Кеше гөр, кешіре гөр, жаратқаным?!»

Ғазиз ана, ербендеп екі қолы,

Жиылған жұртқа қарап алақтады.

Күледі, бірде жылап, зарланады,

Көкке қарап, бекерге қарманады.

Бірде үнсіз, мелшиіп тың тындайды,

Құлағында аккумулядын арман-әні.

Алдымен жұрт үн-түнсіз таңданады,

Қыбыр-сыбыр артынан жалғанады...

Бірде ана көкке жайып алақанын:

«Қазір, ботам...

Мінеки, таң атады...

Қазір, ботам, аккумулямен ұшықтаймын...

Жазыласың, құлыным...

балапаным!

### Эпилог

...Сол кеткеннен мол кеттім, оралмадым,

Жерді аңсаймын...

Жалғыз-ақ сол — арманым.

Қиын екен, қимасың екі бірдей,

Көз алдында ғайып боп жоғалғаны...

Көрдің бе бір-біріне дөп келуін,

Бір қырсық бір қырсықпен шектелуін?

Балам-ай, мынау өмір-дарияның,

Білмейсің қайда екенін өткелінің.

Акқулар...  
Аңыз көп қой олар жайлы,  
Көзіңмен көргеніндей бола алмайды...  
Тек қана тыныштықта ұйықтайды олар,  
Шошыса, екінші рет оралмайды.

\* \* \*

Орнында екен Жетімкөл, жоғалмапты,  
Ортаймапты немесе тола алмапты.  
Жағалауын жауыпты жасыл жалбыз,  
Қасиетті аққулар оралмапты.

## МОЦАРТ. «ЖАН АЗАСЫ»

(Реквием)

Біреу келді де, кара киімге оранған.  
– Жаназа күйін жазшы бір, Моцарт! –  
Жоғалған...

Әлде бір елес...

Әлде бір адам болар ма?!

Аза тұтқан,

Бір жақыны жоғалған?!

Аң-таң Моцарт,

Бар жұмысын доғарған.

Аты мен жөнін білейін деп артынан,

Іле шыққан-ды.

Аула алдында сәл тұрған.

Аты-жөні, кім екені белгісіз,

Қара киім ғайып бопты антұрған.

«Жаназа күйін жазшы бір, Моцарт!»

Азалы үн...

Жаназа күйі елітті оның назарын.

Бұл өмірдің тозағы менен мазағын,

Төрк етсін бір.

Жазамын оны, жазамын!

Өнім бе әлде,

Түсім бе әлде?..

Тәңірім!

Рояльдың жәйлап басып бір көрді тамырын.

Хош бол енді, хош бол, хош бол, бауырым!

Дегендейін күрсініп алды ауыр үн.

– Хош бол, Моцарт!

Дегендей ме жүрегі?!

Сәл кідіріп, қуаң тартты іреңі.

– Жаназа күйін жазшы бір, Моцарт! –

Япыр-ау,

Періште ме әлде, пері ме әлде, кім еді?!..



Күй пернесін тағы да келіп бір басты.  
Күніреніп барып, бір үнмен бір үн мұндасты.  
Өмірді мынау азалы, ауыр үн басты,  
Күйзеліп, жәйлап, өмір мен өлім сырласты.

## 1. Табыт үні

Мен сені сүйгем,  
Жаныммен сүйгем, Жарық Күн!  
Жатсам да сүйем тұңғиығында тамұқтың.  
Ақ сәулен сенің аймалап мені,  
Жарық Күн,  
Тұрған да болар үстінде мынау табыттың.

Ғарыштан күйған ғаламға ортақ шуағың,  
Сезгемін, білгем,  
Мен үшін бір күн тынарын.  
Тастама мені,  
Тастама мені, Шырағым!  
Шуағың түссін,  
Шөп болып, мейлі, шығамын.

Қомағай көңіл құмартып өткен өрнеге.  
Тірлікте сонау түскемін талай әуреге.  
Кешкен өмір де,  
Көрген бақыт та – барлығы,  
Жетпейді екен ғой,  
Бір күндік сенің сәулене.

Бір күндік сәуле...  
Бір күндік жарық мекенім!  
Мәнгілік түнек – капасқа қалай кетемін.  
Келмейді-ау тілім...  
Өлгеннен сұра дер едім,  
Тірі жандарға,  
Өмір дегеннің не екенін.

Өмір дегенге,  
Тірлікте, сірә, жетер ме ой.  
Жарық сәуледен басканын бәрі бекер ғой.  
Бекер ғой бәрі,  
Бекер ғой бәрі – бөтен ғой,  
Өмір дегенін – бір күндік сәуле екен ғой!..

Тамшыдай ғана, нұрына міне, зарықтым.  
Өмір осы екен, сырына міне, канықтым.  
Жаса сен Мәңгі!  
Жаса сен Мәңгі!  
Жарық Күн!  
...Табытпын, табытпын, табытпын...

## 2. Халық үні

Ажалдың аяз, боран, түні өткенде,  
Көктем кеп, жер бетіне гүл екенде,  
Қызғалдақ кара жерді жарып шығып,  
Қадалар кеуделерге, жүректерге.

Аспанда алапат күш дүр еткенде,  
Көк пен жер тітіркеніп, дір еткенде,  
Қақ бөліп кара бұлтты қақыратып,  
Ұшқының тұрар сенің түнектерде.

Болашақ дүниеге шыр еткенде,  
Бір ұрпақ, бір ұрпаққа іліккенде,  
Аспалы көпір болып қаларсың сен,  
Жалғайтын жүректерді жүректерге.

Біз сенімен,  
Сен бізбен канаттандын.  
Қанаттанып, халқына нәр ақтардың.  
Сенің көшің тоқтамас жер бетінде,  
Өлмес мәңгі сапарға жана аттадың.

Әрине, суық қайғы, суық қайғы.  
Көңілін халқын бірақ суытпайды.  
Егерде халық өзін ұмытпаса,  
Бақұл бол, халқың сені ұмытпайды!

Қайырымсыз қазаға елін бас ұрмайды,  
Саған деген сағыныш басылмайды.  
Табытыңды жасырса, жер жасырар,  
Ал уақыт, өзінді жасырмайды!

### 3. Жесірлер үні

Жалғанда – жалған.  
Жалғанда,  
Жесірден мұнлық жан бар ма?  
Жалғанда, жалғыз қалғанда,  
Әдіра қалған арманға,  
Араша түсер жан бар ма?  
Жалғанда – жалған,  
Жалғанда,  
Қаңырап бәрі қалған ба?  
Жете алмай алғы тандарға,  
Кеттің-ау, боздақ, арманда.

Арада жүрген асылды,  
Алды да ажал, жасырды,  
Опты да, жұтты кара жер,  
Атылған көктен жасынды.

Панасыз қалған жесірден,  
Біржола үміт кесілген.  
Жарқырап жанған шырақты,  
Соққан да дауыл, өшірген.

Сені де жұтқан көне жер,  
Сан рет әлі көгерер.  
Салтанатқа әлі бөленер,

Бірақ та маған не берер?  
Төгер де мұнын, жөнелер,  
Көзімнен жасым себелер.  
Тас бауыр табыт тас кылып,  
Мені де бір күн шегелер.

Сен сүйген орман, көлдерге  
Жыл сайын құстар келгенде,  
Көкжиек, сонау белдерден,  
Сағыныш-сағым көргенде,  
Зарығар саған шер-кеуде,  
Сағынар жүрек-шерменде.

Төзермін қалай мұнына,  
Жетер кім сенің құнына?  
Не істермін ажал ұрыға?!  
Шомылып көздің суына,  
Өзің жоқ қанық сырыма.  
Өтермін жасып, бұғына.  
Қашаннан жерік қара жер,  
Жесірдің қайғы-мұнына.

Қоршаған тұман жан-жағым,  
Келмеске, құсым, самғадың.  
Қош енді!  
Үзілген менің арманым,  
Қош бол, Ардағым!..

#### **4. Жетімдер үні**

Біздер –  
Жетімдерміз,  
Жетімдерміз.  
Ақпанның,  
Аяз, қардың өтіндеміз.  
Мына сараң өмірден сауға сұрап,  
Тіршіліктің мазасын кетіргеміз.

Біздер – жетімдерміз!  
Біздер – жетімдерміз!  
Доп қылып жердің шарын өтудеміз.  
Бостан-босқа өлмейміз,  
Өкінбеніз.  
Жекірменіз,  
Біздерге жекірменіз,  
Жекірменіз!  
Босағасын паналап талайлардың,  
Талайлардың басынан секіргеміз.  
Себебі, жетімдерміз!  
Өкінбеніз, біздерге жекірменіз.  
Біздер – жетімдерміз!!!  
Өмірге келу де егіз, кету де егіз.  
Сүренсіз өтуде жаз, өтуде күз.  
Жалғанда өлім бар да – жетімдер бар,  
Сондықтан мәңгілікке бекінгеміз.  
Біздер – жетімдерміз!  
Ұрылар да емеспіз, қарылар да!  
Қарғыс таңба біздерден арылар ма?!  
Жылынамыз бір ауыз жақсы сөзге,  
Қарғыс аяз біздерді қарығанда.  
Жасамаймыз қиянат жаны барға.  
Жаны бар жан, бірақ та табылар да?  
Жетім көңіл жақсыға жарыған ба?!  
Біздер – жетімдерміз!  
Жетімдерміз!  
Жетім болып жүріп-ақ жетілгеміз.  
Дөңгелек жердің шарын допша қуып,  
Мазасын тіршіліктің кетіргеміз.

Тіршілікте біреуін біреу күндер,  
Бізге жат – өлі кімдер,  
Тірі кімдер...  
Жиылып, Жер шарының жетімдері,  
Алдында Ақиқаттың бірігіндер!

## 5. Бесік жыры

Әлди,  
Әлди,  
Ақ балам,  
Ұйықтай ғой, ұйықта,  
Жат, балам,  
Мәңгілік сені тербеуге,  
Мәңгілік бесік сақтағам.

Күндер де мұнда жоқ, балам,  
Тандар да мұнда атпаған.  
Түсіріп сәуле түнекке,  
Жат, балам,  
Әлди, ақ балам.

Сор да жоқ мұнда, бақ та жоқ,  
Атақ та, құрмет, данқ та жоқ.  
Жетпейді мұнда өсек те,  
Жетпейді саған атқан оқ.  
Әлди, әлди, ақ балам,  
Мәңгілік тыныш жат, балам.

Жоқ мұнда күрес, ерегес,  
Күншілдік, құлық, төбелес.  
Өзіндей мұнда – көп елес,  
Ақ балам, жалғыз сен емес.

Ұйықтай ғой, балам, шошынба.  
Бауырын, жарын, досын да,  
Андыған жауын, қасын да,  
Тоғысар бәрі осында.  
Ұйықтай ғой балам, шошынба.

Шулама, орман, кен дала,  
Баламның алма мазасын!  
Тербетіп тұрам мен ғана,  
Мәңгілік жанның азасын.

Әлди,  
Әлди,  
Ақ пенде,  
Тыныштық тауып, жат менде.  
Өмірді қандай сыйласан,  
Өлімді сондай жат көрме!

Бауырыма мәңгі сақтаған,  
Әлди,  
Әлди,  
Ақ балам...  
Әлди...  
Әлди...  
Әлди-ай!..

# РАЙЫМБЕК! РАЙЫМБЕК!

## 1

«Қара таудың басынан көш келеді».  
Қара жорға шайкалып, бос келеді.  
Қара күнді жамылып қара казак,  
Қара түнді басынан кешкен еді.

Қара қайғы көрсетпей ештеңені,  
Қара жауы қанатын кескен еді.  
Шұлғау болып қыздардың кестелері,  
Талай қара шанырақ өшкен еді.  
«Қара таудың басынан көш келеді!!!»

Қара жұртта бықсыған шала қалған,  
Аналардан ес кеткен, балалардан.  
Тал да таппай қармауға жағалаудан,  
Ақыл қашқан адыра бабалардан.  
Қандай қарғыс атты екен қайран елді?!  
Қайда барып тығылар паналауға?!

Қайда барып, қалжырап жатар екен?!  
Қандай сордың сортаңын татар екен?!  
Көр болса да, болса екен казак жері,  
Қазак жері болғасын – Атамекен.

...Көш келеді, боздатып боз даланы,  
Көз ұшында боз сағым қозғалады.  
Әлдекімнің естілсе созған өні,  
Әлдекімдер анырап жоқтау айтса,  
Әр кеудеде бір шемен қозданады,  
Әр қазақтың естіліп боздағаны.

«Қауқары жоқ қайран жұрт, қайран халық,  
Сайран салып жатушы ең жайлау барып.  
Опат болып, ақ ордаң ойранданып,  
Қара жауың әкеліп қара қайғы,



Тас уатты-ау төбене тайраң қағып.  
Анырауды доғарып, аттан казак!  
Алты жасар ұлынды майданға алып».

Шұбатылған шан көріп алыстағы,  
Қабай жырау жар сала дауыстады:  
– Жау келеді, жұртым-ау, жау келеді!  
Жаудан қалған жемтікке жабысқалы,  
Тағдырыңды біржола тауысқалы...  
Сап түзеді қажыған нар боздақтар,  
Қара жаумен қайтадан алысқалы,  
Қайта қозып қазақтың намыстары.

Қайта шулап, жамырап катын-бала,  
Қанға шөлдеп, қаңырсып жатыр дала.  
Қайта жауып, жай оты шатырлаған,  
Қайта төнген тамұқтың сотын кара.  
Қара жауы қайтадан лап қойды,  
Кезек бермей пақырға, батырға да.  
Қазақ канын сылқытып жатыр дала...

Қиқулаған қалың қол, құйын дерсін,  
Қайтып оған шағын жұрт тыйым берсін.  
Тозған жұртты топырлап тапап кетті,  
Қатыгез жау қайсыбір бұйым көрсін.

Боздақтардың желкесін шайнап кетті,  
Қалған малды қайтадан айдап кетті.  
Қанжығаға байланған қыз-келіншек,  
Бозторғайы шырылдап, сайрап кетті.  
Хас батырдың көзі еді кара жорға,  
Қара жаудың астында ойнап кетті.

(Кім айдаса, соныкі түздің малы).  
Қара жауға катын боп қыздың бөрі,  
Әр өлікке жалп беріп қонып жатыр,  
Даланың түндік қанат құзғындары.

Тұяк та жоқ тігерге дым қалмаған,  
Жау жалмаған, жабысып, құм жалмаған,  
Сырлар бар-ау койнында, туған далам,  
Ақтарылған қанынан қазағынның,  
Күзғыны да Құдайдың құр қалмаған.  
Сенде ме?..  
Сенде сұмдық сыр бар, далам...

Қан сасыған далаға қарайды да,  
Қуған боп жүр күзғынды Қабай жырау:  
– Пәруәрдигер, неғылған сұмдық еді!  
Өнім бе, әлде түсім бе, қалай мынау?!

Боздақтардың даланы бояп қаны,  
Күзғындар да әнеки тояттады...  
Өнім болса, Тәңірім, тарт жанымды,  
Түсім болса, ұйқыңнан оятпағын?  
(Оятпағын, мәңгілік оятпағын?!)

О, Тәңірім!  
Неғылған шаққа айналды?!  
Бір өзіне жалынып, жақ байланды,  
Түнің тұтып, ақ таңың атпай қалды,  
Не қылығы жұртымның жақпай қалды?!  
Көлім кеуіп, өзенім ақпай қалды,  
О, Тәңірім!  
Неғылған шаққа айналды?!

Қаусаттын-ау іргемді, қара жауым,  
Қан боп аксын басына қара жауын!  
Қатын, қызын күң болып әр есікте,  
Құл боп өтсін мәңгілік балаларың!

Ордан опат, айырыл елдігіннен,  
Босамасын басың бір шерлі күннен.  
Тоз-тоз болып ұрпағын әр қиянда,  
Билігіннен айырыл, тендігіннен!

...Байкап еді өліктің қозғап бәрін,  
Бәрі де өлік, бірі де сөз қатпады.  
Қабай жырау басы ауған жакка кетті,  
Күзғындарға қалдырып боздақтарды.

Кете барған, артына бұрылмаған,  
Аят оқып, ішінен сыбырлаған.  
Қозыкөш жер қырғыннан ұзағанда,  
Кұлын-дауыс естілді шырылдаған.

Аппақ нұрын жинап ап, тауға келіп,  
Күн де батып барады қанға бөгіп,  
— О, жасаған, кімдікі әлгі дауыс,  
Тірілді ме артымда қалған өлік!?

Жетім қалған құлындай құлдыраған,  
Көз ұшында бір кара бұлдыраған.  
Тағат етіп тұруға дәрмен қайда,  
Аттың басын сол жакка бұрды баба.  
...Есі кеткен алдында тұрды бала.

Ат үстінен баланы алдына алып,  
Бір алданыш тапқандай шал жұбанып.  
Қырғын көрген қызыл Күн қырдан асты,  
Қызыл күрең қанына тауды малып.

— Сен ғанасың, құлыным, сен ғанасың,  
Мен де көпке бармаспын, сен қаласың.  
Ойран болған орданның орнына кеп,  
Отау тігіп, оттарын сен жағасың!

## 2

Дала жатыр.  
Сағымы ширатыла,  
Бара жатыр қырына, бұйратына.  
Екі жетім, бұлақтың басындағы  
Әулиенің бұрылды зиратына.

Бастарына іс түскен шақты ойлаған,  
Ағашына пенделер ақ байлаған.  
Құлан жортса құтылмас құла дала  
Құлазыған, иесіз жатты айнала.

Керуен жол қасынан кесіп өткен,  
Осы жерді әулие бесік еткен.  
Мұсылмандар ғибрат етуші еді,  
Мұндар-тірлік мұқалтып, есі кеткен.

Әулиенің бас иіп мекеніне,  
Мұсылмандық парызын өтеді де,  
Қабай жырау қайтадан еріп кетті,  
Қажап тұрған ойынын жетегіне.

«Жайлауымды жау алып,  
Өрісімді өрт алып,  
Өзегімді дерт алып,  
Келдім саған, әулие!

Боздақтарым жоғалып,  
Боз кебінге оранып,  
Маңдайымнан сор ағып,  
Келіп тұрмын, әулие!

Қыздарымды катын ғып,  
Шаңырағымды отын ғып.  
Отауымды топыр ғып,  
Отанымды қоқыр ғып,  
Ойран етті, әулие!

Қан сасыған даламның,  
Қатын менен баламның,  
Кегін қайтып алармын?  
Жебеп жібер, әулие!

Елінің есін кіргізер,  
Жерінен малын өргізер,

Жауына зауал төнгізер,  
Қырыкпышак хандарды,  
Қылығына көнгізер,  
Дегеніне сенгізер,  
Соңынан жұртын ергізер,  
Бар казактан — бір казак  
Тумас па екен, әулие?!

Көкірегім күркілдеп,  
Көзімнің асты көлкілдеп,  
Ақ сақалым желпілдеп,  
Көрі басым селкілдеп,  
Бас ауған жаққа барамын.  
Іздесем кімді табамын?  
Бағыт сілте, әулие!

Айтса тілін алдырған,  
Алмастан оғын жондырған.  
Ата-казак баласын  
Алақанға қондырған.  
Бар казактан — бір казак,  
Табар ма екем, әулие?»

\* \* \*

— Армысын, Ата!  
— Бар бол, балам, аман ба?  
— Жолыңыз болсын?  
— Жолдың несін сұрайсың, мына соқыр заманда.  
Қайда барса, Қоркыт көрі қазулы тұр адамға.  
Елде жүрген ескі аңызды,  
Естіп пе едің, қарағым?  
Мына біздің ғаріп жағдай еске соны салады.

Сынар канат екі құс жаралыпты жалғанда,  
Бір-біріне жабысып алады екен самғарда.  
Қүдірет деп екеуі зарлайды екен толассыз,  
Бірінің — он, бірінің — сол қанаты болғанда.

Күдіреттін құсы деп аталыпты екеуі,  
Қайда екені белгісіз жері, суы, мекені.  
Сыңар қанат құстардың сынаымыз, қарағым,  
Тағдырымыз, білмейміз, қайда бастап кетеді...

Жерімізді жау алып, елімізді қырды ғой,  
Қанатымыз қайырылып, топшысынан сынды ғой.  
Ата қазақ бір-бірін арашалай алмай-ақ,  
Алауыз боп өзді-өзі Құдай бізді ұрды ғой.

Қара жаумен іргелес ел едіндер, қарағым,  
Ойран болып сендер де, бұзылды ма қамалың?  
Мынау азған заманда, амал нешік, бұл қазақ,  
Білуден де қалды ғой бір-бірінің хабарын.

Суырдайын күн кешіп, әркім ойлап өз басын,  
Тұлпарларды тұқыртып, тұғырлары озғасын,  
Бүйрегіндей сиырдың бөлшектенген бұл қазақ,  
Құмалақтай бытырап, қалай ғана тозбасын.

– Ата, біздің өлкені кара жаулар шаппады,  
Жауларына біздің ел сәйгүлігін баптады.  
Қойын сойып, қолдарын қусырды да, сорлылар,  
Аяғына бас ұрды, бірі садақ тартпады.  
Тартпаған соң олар да әуреленіп жатпады,  
Алдыдағы аларын, белімізден аттады.

Батыр емес, қария, қатындар бар бұл елде,  
Беруге әзір барлығын билігі асқан біреуге.  
Батырлар жоқ бұл елде, қатындар бар бұл елде,  
Әркім кара басының амандығын тілеуде.

– Жамандама жұртыңды, жамандасаң, болмассың!  
– Қатындардың ішінде өзімдағы оңбаспын.  
«Үні шықпас жалғыздың, шаңы шықпас жаяудың»,  
Мен де қатын болармын, сірә, батыр болмаспын.

– Нешедесің?

Кімнің сен тұқымысың, құлыным?

– Хангелдіден тараған бір тұғырдың ұлымын,  
Мал сонына сап қойды, ұстатты да құрығын,  
Жылқы жады әкеме жакпай калып қылығым.

Жылым барыс, мінеки, асып барам он үштен,  
Қатын алып берем деп, әке-шешем келіскен.  
Адамынан айттырған ат-тонымды ап қашып,  
Қатынды өзім табам деп, әкемменен керіскем.

– Осыншама ақылды кімнен, балам, үйрендің?

– Ішіндегі шалдардан, анау қараша үйлердің.  
Бірін төре, бірін би етсем деген ойым бар,  
Бабам қолдап бір кезде маған билік тиген күн.

– Қара жауын қайтадан шапса еліңді не етер ең?

– Хас батырын бауыздап, қанын судай етер ем.  
Қатын болып күн кешіп жүргеннен де қырқысып,  
Қылша мойным талша боп, қанжығада кетер ем!

– Өзін бала болсан да, сөзің дана, отты екен,  
Ақ күн тусын алдынан, басқа айтарым жоқ бөтен.  
Қалдым сенің ығында, мынау екі ғаріпке,  
Барар жер мен басар тау, басқа пана жоқ мекен...

### 3

– Қарадай жерге қаратып кетті-ау, қағынды,  
Уатып кетті-ау, уатып кетті-ау тауымды!

– Қарадай неге түңіле қалдың, байғұс-ау,  
Басында үйін, бауырында қазан, нағылды?

– Неғылушы еді!

Күшігің жерге қаратты!

Күлкі етіп мені күшігендерге талатты.

– Түңіле бермей, туралап айтшы мән-жайын,  
Білейін мен де, естиін мен де, андайын?..

– Білесің әлі, атанның басын аңдайсың?  
Ұл емес маған, жын таптың десем, нанбайсың.  
Ер орнына екесті ұлды туғанша,  
Белгілі неге бедеу боп, кубас қалмайсың?

...Шағылып тауы, құлазып көңіл мекені,  
Түкенің астан оралған осы беті еді.  
Бәйгеде болған ұлының әбес қылығын,  
Ойласа болды, өрт қарып ішін өтеді.

Намыстан өліп кетердей, міне, үзіліп,  
Өкпесі кеуіп, қуарып, өңі бұзылып.  
Малдасын құрып жұдырығымен жер тіреп,  
Бейкүнә, момын бәйбішені отыр қыжырып.

...Жатаған келген Түкенің жалдас күрені,  
Дүйім ел білген дүлдүлдің нағыз бірі еді.  
Кешегі аста бәйгеге қосып жүйрігін,  
Келерін біліп, қауіпсіз, бейкам түр еді.

Көз ұшындағы көлденең жатқан қыркадан,  
Көрінген кенет бәйгенің шаңы бұрқаған.  
Ию да қию ұрандап тұрған рулы ел,  
Жамырай тілеп, жақындай түсіп бір табан.

Тұяқпен турап, көлденең жатқан көк белді,  
Кермені үзіп, сәйгүліктер де жеткен-ді.  
Көре алмай Түке баласы менен күренің,  
Көзінің алды көлеңке тартып кеткен-ді.

Озғанды қауым қаумалап-киіп жатқан-ды,  
Қалғандар кейіп, озғандар гулеп мақтанды.  
Шорт сынған сағы, шошайып жалғыз Түке тұр,  
Күңіrentіп жүрген күрең ат қайда мақтаулы?!

Желпіне барып, желігін жұрт та басқан-ды;  
Оқыс бір ғажап оқиға сонда басталды.



Жалғыз бір кара жұлдыздай ағып келеді,  
Қаранғы түнде как жарып тілген аспанды.

Қу даладағы құйын ба дерсін, ойнаған,  
Қыран ба дерсін, қылт еткен құсты қоймаған.  
Өз атын өзі ұрандап бала келеді,  
Қамшы сабына жейдесін ту ғып байлаған.

Жайына қалып өлі аруақ пенен тірі аруақ,  
Келеді бала есімін өзі ұрандап.  
Тірілер шошып, жағасын ұстап, тұр аулақ,  
Өлгендер көрде түскен де болар бір аунап,  
Келеді қыршын есімін өзі ұрандап.

Доғара қойып, ойын мен дырду, сауықты,  
Бір сәтке қауым ішінен тына қалыпты.  
Он үшке толған Түкенің ұлы Райымбек,  
Албанға алғаш өсітіп өзін танытты.

Күрең ат тарпып, кара темірді шайнаған,  
Қыбыр да жыбыр, күбір де сыбыр айнала.  
...Асасын ұстап, Әлмерек дейтін би келді:  
– Жеті бабасын жерге қаратқан қай бала?!

Е-е-е, Түкенің ұлы – түлейдің ұлы сен бе едің?  
Осы болған ғой түлей әкеннен көргенін.  
Саскөкектей өз атыңды өзін ұрандап..  
Сырымбет пенен Хангелді сенен кем бе еді?!

Жетесіз туған, ант ұрып кеткір, зәнталак! –  
Булығып тұрды, баланың көзі қанталап.  
Қоқилана келіп, басына қамшы үйірді,  
Аксақалдар да, көксақалдар да анталап.

– Оу, ағайындар!  
Жәбірлемендер баланы,

Жәбірлейтіндей қайсына тиді залалы?!  
Бұл да бір асау, құрық көрмеген құлын ғой,  
Желісін үзіп, сендерден қайда барады.

Бара да қоймас, ұзай да қоймас сендерден,  
Сендермен бірге тағдырын тәнір тең бөлген.  
Өз атын өзі ұрандағанның несі айып?  
Аузына салып, періште шығар дем берген.

Жауына шапса, өз атын өзі ұрандап,  
Қолдамас па еді өлі аруақ түгіл тірі аруақ.  
Есі бар тентек есейе келе ер болар,  
Ерік беріндер, неғыласындар бұғаулап...

Қарсы алдындағы қалқан боп тұрған Қабайды,  
Қаршадай бала сүйеніш, бәлкім, санайды.  
Санайдыдағы қауымға тіке қарайды.  
Жүрегін жеген сөзін айтпақ боп талайғы.

Күреңіменен атылып шетке шықты да,  
Айғайлап тұрып, анықтап, нақ-нақ ұқтыра:  
– Дәрменсіз сорлы кедей-кепшікті бұқтыра,  
Күшік тазыдай жылмандайсындар мықтыға!  
Ата жауларың арқана бәлем, шықты ма,  
Әкелеріңнің көріне, бәлем, тықты ма!?

Қызынды сатып, қымызға мас боп жатындар,  
Халықпысындар?!  
Қазан андыған катындар!  
Қорқау қасқырдай бірісін-бірі талаған,  
Бірісін-бірі тонаған, тозған пақырлар! –

Деді де, бала күреңіменен самғады,  
Өз атын өзі ұрандауынан танбады.  
Тетір де болса тентек баланың аруағы,  
Шашылып жатқан ауылды тегіс шарлады.

...Кешегі аста Әлмерек бидің сөккені,  
Түкенің мүлде есінен бір сөт кетпеді.  
Теріс айналып, шөкті де қалды шал байғұс,  
Талак етті де бүгіні менен өткенді...

\* \* \*

Түке өлген.  
Он сегізде Райымбек,  
Жүрген жоқ әке өлді деп, уайым жеп.  
Тіріге тізе бүгіп, бас имеген,  
Тізесін бүктірмесе Құдайы кеп.

Білігі, бітімі де бөтен екен,  
Бар күні мал соңында өтеді екен.  
Ерін – жастық, тоқымын төсеніш етіп,  
Белін шешпей қисая кетеді екен.

Ел арасы дау-шарға араласпай,  
Лок беріп, ағайынмен жағаласпай,  
Қайсар болып, қатты боп өсті жігіт,  
Қатыгез құмға біткен қарағаштай.

Қанағат қып әкеден қалған малды,  
Бөленнен ассам деп те камданбады.  
Бозбасы сауыққа да алданбады,  
Бойында болсам деген қалды арманы.

Қалкалап, қадір тұтып естілерді,  
Талайды түйді жігіт, өсті, көрді.  
Қазақтарды жау шауып жатыр деген,  
Үзік-үзік хабарды естіген-ді.

Ойлап тұрса, сол жауы іргесінде,  
Ойлап тұрса, сол жаудың түрмесінде.  
«Айламен алдаркатып кеткен дұшпан,  
Кім кепіл қайта шауып кірмесіне?!»

Қиын екен өмірдің сұраулары,  
Ойланды балаң жігіт, біле алмады.  
«Белінен дұшпан аттап баратқанда,  
Біздің ел неге қарсы тұра алмады?!

Қайда жүр баяғыңның батырлары?  
Бас қойып, неге ұранын шақырмады?!  
Жігер тайып жігіттің жетесінен,  
Сарқылды ма қарттардың ақылдары?!  
Неге бірі садақ боп атылмады?!

Қойын сойып, қолдарын қусырды да,  
Дұшпандарын жіберді ту сыртына.  
Қаппа бола алмаған қайран елге,  
Қауқары жоқ күндерің құрсын мына!

Әзірге аман тұрғанға малы-басың,  
Сауық пенен сайранға салынасын.  
Қазақ жылап жатыр ғой, қазақ жылап,  
Неменене жетісіп қағынасын?!

Қайта шапқан жауыңды танығасын,  
Құдайыңа шынымен табынасын.  
Атамекен, жұртыңды сағынасын.  
Бұралқы боп жат жерде зарығасың.

Құланыңды бауыздар желіге айдап. .  
Құраныңның өртенер соры қайнап.  
Қайда барсаң Қорқыттың көрі болып,  
Қонысыннан ауарсың «Елімайлап».

Қайтсем екен?  
Аттан! – деп ағайынға,  
Құрбандыққа басымды шалайын ба?!  
Қабай жырау қайда екен, не дер екен?!  
Ақыл сұрап көрейін, барайын да».

– Ар ма, ата!  
Арнай келдім, батанды бер?  
Қасыма баланды қос, қатар жүрер!  
Жол сілте, ақылыңды айт, қысылғанда,  
Аятым болсын менің атап жүрер.

Сырымбет әулетінен таралғамын,  
Хангелді қасиетінен нәр алғанмын.  
Әкемдей малжанды боп, өріс күйттеп,  
Жарамас жабағы үйде қамалғаным,  
Жанымды тұншықтырған бар арманым.

– Айт, балам,  
Арманыңды айт, жасқанбағын,  
Көріп тұрмын көзіннен шашқан жалын.  
Не айтам саған, көл едім, көлшік болдым,  
Көзі бітіп, суалған бастауларым.  
Тындайын, арманыңды айт, жасқанбағын.

– Кенедейден көзімді ашқан жауым,  
Еске түсіп, бойымды басқанға мұң,  
Деген ой «жастығымды ала жатсам», –  
Жоктұғын менің мүлде басқа арманым.

– Арманда, балам, арманда,  
Арманға толы жалғанда,  
Армансыз, сірә, жан бар ма?  
Армансыз жүрген жандарға  
Алданба, балам, алданба!

Арманда, балам, арманда,  
Капелімде жауларда,  
Ақырғы демің қалғанда,  
Айырылып естен танғанда,  
Ақырғы рет қарман да,  
Арманда, балам, арманда!

Ақылымнан танғанда,  
Азуымнан шалғанда,  
Кәрі койдын жасындай,  
Аз ғұмырым қалғанда,  
Неңдей ақыл айтармын?!

Ата жауың қалмақ-ты,  
Ел-жұртыңды зарлатты.  
Ата-казак ұрпағын  
Аяқ асты қорлапты,  
Аспаныңды торлапты,  
Жазираңды шандапты,  
Жазықсыз елді қандапты.

Жалғыз қайда барарсың?  
Жауыңды қалай табарсың?  
Ауызданбаған арланым,  
Абайсызда шабарсың,  
Айлалы жаудың алдында  
Тұзаққа түсіп қаларсың!

Соңыңнан жұртын ермесе,  
Қолының ұшын бермесе,  
Дегеніңе көнбесе,  
Ауызданбаған арланым,  
Жауына жалғыз бармағын,  
Қиылып қалар арманың!

Халқыңа хабар арнағын,  
Аужалын түйіп, андаған,  
Кекке соққан қанжарым,  
Кемтіліп жүзің қалмағын,  
Жауына жалғыз бармағын!

Беліңнен бір-ак аттаған,  
Берекенді таптаған,  
Қулығын ішке сақтаған,  
Құмырсақдай қаптаған,

Жауына жөнсіз ұрынбай,  
Ұрымтал жерден шап, балам!

Жауынның күшін аңдамай,  
Бетпе-бет ұрыс салмағай!  
Ол көп-тағы, сен азсың,  
Опық жеп, балам, қалмағай,  
Алды-артынды барламай,  
Орынсыз іске бармағай!

Тұтқиылдан лап беріп,  
Томаға-тұйық шап келіп.  
Жауынның есі кіргенше,  
Қара түнді қак бөліп,  
Ізінді жасыр жалт беріп.

Алды-артынды аңғармай,  
Айкаспай тұрып қорғанбай,  
Қолайлы жерде қамданбай,  
Ашкөзденіп, мерт болма,  
Қораға түскен арландай!

Шабарынды білдірме,  
Шаужайыннан ілдірме!  
Жекпе-жек күтіп ділгірме!  
Жер қайысқан жауынды  
Женемін деме бір күнде!

Көзсіздік іске татыр ма?  
Айласыз батыр батыр ма?!  
Отырып қалар тақырға.  
Күндіз ұйықтап, түнде жорт.  
Қарасын күннің батыр да,  
Кегінді қайра ақылға,  
Жалғыз жортып, шатылма.  
Аттанып жар сал, ер ұлым,  
Ел-жұртынды шақыр да.  
Дүние – қоңыз, енші бер,  
Соныннан ерген пақырға.

Бидің үйі,  
Ленің жағасында.  
Жаксы менен жайсаңның бәрі осында.  
Қарасақал, ақсақал – алқалы топ,  
Алдына алып бір істі қарасуда,  
Бірі көнсе, біреуі таласуда.

Бірі олай тартады, бірі былай,  
Бірі өзінше патша, бірі Құдай,  
Бір сәтте ұйып, бір сәтте іруін-ай,  
Казекемнің осы бір ырымын-ай.

Бірі әріден білгенсіп мысалдайды,  
Бірі өзінше түніліп, құшар қайғы.  
Жүз локсып жүректе запыранын,  
Бірі іштен тынады, құса алмайды.

Бидің бағып біреуі қас-қабағын,  
Бүлк етуден бейшара жасқанады.  
Бірде бәрі жабылып біреуіне,  
Жемтік көрген бөрідей бас салады.

Екі ортаны біреулер андасады,  
Жең ұшынан жеңгенмен жалғасады.  
Бидің ығын қалайша табамыз деп,  
Бір-бірімен жыланша арбасады.

Ұйқылы-ояу би отыр данасынып,  
Қақ төріне қауымның дара шығып.  
...Би билігін күтуде Райымбек,  
Алып ұшып, жүрегі аласұрып.

Би дауысын бір сәтте кенеді де,  
(Жұрт назарын аударсын дегені ме?!)



Қарт жырауға қаһарын атты келіп:  
– Ылан, дүбір саласың неге еліме?!

Атыспай да шабыспай тірлік құрып,  
Тыныш жатқан жұртымды дүрліктіріп,  
Арандатпай, жәйіңе жүрсен еді,  
Иман сұрай Алладан, құлдық қылып.

Тіршілікке тірек қып дін-арманын,  
Жақсылығын күтуші ек бір Алланың.  
Кедей менен кепшікті айдап салып,  
Келдіңдағы сен, бейбак, ыландадың!

Бас білмейтін байғұсты еліктіріп,  
Қолтығына су бүркіп, желіктіріп...  
Амал қанша, ұялам сақалыңнан,  
Таспа алар ем жоныңнан керіп тұрып!

Бет алыпсың, халайық, бұрылмасқа,  
Қалауыңды қақым жоқ ұғынбасқа.  
Бір шартым бар «батырға» қоятұғын,  
Жамыраспа, беталды шуылдаспа.

Басын тартпас «батыр» ғой, несі кетсін,  
Басын тартса, сөз басқа, есі кетсін.  
Топ ішінен таңдаған атын мініп,  
Мына жатқан Ілені кесіп өтсін!

Кесіп өтсін, қайтадан оралсын да,  
Дуылдасқан дау-шарды доғарсын да,  
Ақ күн тусын алдынан, тарта берсін,  
Таңдап-таңдап елінен қол алсын да.

Шартым – осы!  
Осыған шыдайсың ба?  
Шыдамасан, тынасың, құлайсың да.

Болсаң сосын боларсың, қол бастарсың,  
Алдыменен бағынды сынайсың да.  
Шыдайсың ба?  
Бағынды сынайсың ба?..

Оны да біл, құның жоқ суға кетсең,  
Кінәлі өзін, жаныңды құрбан етсең!  
Қайда жүрсең аманат бір Құдайға,  
Аман-есен осынау сыннан өтсең.

– Болса болсын, тәуекел, шыдап бағам,  
Болашағым белгісіз, сұрақ маған.  
Өлсем өлдім, өзіме өз обалым,  
Ахиреттен орнымды бір-ақ табам.

Қайда барсаң, бәрібір, кірерің көр,  
Қабылдайды қойынына түнеріп жер.  
Қапталына түсіріп күреңімнің,  
Қамыс артып, жігіттер, жіберіндер!

Жарлы менен жақыбай намысты ойлап,  
Артып берді екі тең қамыс байлап.  
Тілсіз жауға тірексіз тура тартса,  
Жылым жұтып, жігіттің бағы ұшпай ма?

Райымбек мінді де күреңіне,  
Келді өзенге, жетпек боп тілегіне,  
Шым-шым қайнап, ширыға шұбатылған,  
Тылсым дүлей алдында – Іле міне.

Оңтайлау жер осы-ау деп өтпек еді,  
Оскырынып күреңі беттемеді.  
Жағада жұрт жаны ашып, жамырасып,  
– Қайтсаншы, өлесің ғой текке, – деді.

Тұрғанда ашу, намыс, сезім арбап,  
Токтасын ба қауымның сөзін аңдап.

Қамшы басып күреңге суға атылды,  
Өз есімін айқайлап, өзі ұрандап.

Кәрі мен жас ұстасып жағаларын,  
Жамырайды, білмейді не боларын.  
— Кеш, аруак, — деп, — тентекті, — жалынады.  
Жаудырады иманын, тобаларын.

Артқан қамыс тірліктің белгісі боп,  
Демеу жасап, жылымға бергісі жоқ.  
Ақ айдыннан екі бас көрінеді,  
Адамның да, аттың да өлгісі жоқ.  
Күрең жүзіп барады, өлгісі жоқ.

Жұрт назары — осынау ақ айдында,  
Екі басқа еміне қарайды да,  
Аруактарды көрінен шақырады,  
Талай аят оқылып, талай дұға.

Күрең менен жігіттің бағын ойлап,  
Жалынады жағалау «а, Құдайлап».  
Екі басты қақпақыл қағып алып,  
Әлдеқайда барады ағын айдап.

Ағынменен күрең ат жалдап кетті.  
— Кетті!  
— Өлді! — жағалау зарлап кетті.  
Бір кісінеп жануар жіберді де,  
Ағын айдап, есен-сау ар жаққа өтті.

— Дауасы жоқ жан екен, оты жанған,  
Ілесіндер осыған оты барлар!  
Су жол берген батырға мен жол бермей,  
Қамауда ұстап қыранды отыра алман.

Барындар, әкеліндер салға салып,  
Сынайын сырттанынды жауға салып.

Қияннан құйылып кеп, киратсын бір,  
Қатарын бөрілердің кан жоса ғып.

Дауасы жоқ жан екен жаратылған,  
Тұлпар екен тұғырдан дара туған.  
Қамауда ұстап қыранды отыра алман,  
Үшсын, кетсін жай атып канатынан.

Хангелдінің сауытын кигізіндер,  
Қыннан алып, қылышын сүйгізіндер.  
Сырымбеттің туының алдына әкеп,  
Тәубе еткізіп, басын да игізіндер.

Шауламаған шабыты бала қыран,  
Балалықпен қапыда қалары бар.  
Баптап өзін, батырды қалауына ал,  
Бас болғайсың балаға, дана-жырау.

Қашаннан би кесімі бір кесулі,  
Көнсең де, көнбесең де үйлесімді.  
Білгеніннен жаңылтып бидің десі,  
Білдіретін кезі ғой білмесінді.

Би кесті.  
Қара халық қабылдады.  
Қару алып, қол жимақ қабырғалы.  
Жорыққа әзірленіп жатты қауым,  
Қасынан Райымбек табылғалы.

Ақтабан шұбырынды.  
Ақтабан шұбырынды...  
Қадарсың қайда барып тұғырынды?!  
Қазақ жері – алып бір кара қазан,  
Қазанда қайран жұртым қуырылды.

Ақтабан шұбырынды.  
Қарғаған кім болды екен ғұмырынды?

Жортпай тұрып үйрендін жығылуды,  
Шаппай тұрып үйрендін тығылуды.

Ақтабан шұбырынды,  
Ақ туың жығылулы.  
Олак қатын тоқыған алашадай,  
Өрмегіннің арқауы суырылды.

Жәннатынды жамсатып жау орнады,  
Жатқаны анау өртеніп кара орманын.  
Туырлығы туралып, тоқым болып,  
Қаңқасы тұр қалқиып кара Орданын.

Ақтық байлап, табынып тал-қайыңға,  
Өтті күнің сор қатып мандайында.  
Кетті кымыз жауынның тандайында,  
Кетті қызын жауынның борбайында.

Ақыныңа, серіне, батырыңа,  
Туысыңа кимаған, жақынына,  
Тұяғымен ор қазған тұлпарларын,  
Тулап кетті жауынның тақымында.  
Нәлет айтып кеш кірген ақылына,  
Ана сүтің аузына татыды ма?!

Ертіс, Есіл, Жайық, Жем, Сағызға бар,  
Бәрібір пана болмас ауызға алар.  
Бәрібір, монғол шапсын, жонғар шапсын,  
Әйтеуір, казак алдымен бауыздалар.

Тобыл, Шу, Сыр мен Іле, Нұраға бар,  
Арнасында наласы жылап ағар.  
Қандай жаудың болса да қарауылы –  
Қазак байғұс,  
Қалқайып тұра қалар.

Өзіннің тұрмағасын уысында,  
Өз жерің өзіне жат, құрысын да!..

Жер шетімен шекараң шектелсе ғой,  
Жатса ғой алып мұхит шығысында.  
...Жалғанның жартысындай мынау өлкен,  
Кім білсін, сорың ба әлде ырысың ба?!

Пайдаланып былығың-шылығыңды,  
Жауың кеп, шырылдатты шыбыныңды.  
Жау да, өзін де ластап тұнығыңды,  
Жаяу ұстап қолына құрығыңды,  
Қайда босып барасың, қайда, қайда?  
Ақтабан шұбырынды!  
Ақтабан шұбырынды!!  
Ақтабан шұбырынды!!!

...Боса берген.  
Артына карамаған.  
Өзіне жат өз жерін аралаған.  
Тау қуысы, өзенді сағалаған.  
Бірі барып құл болып Хиуаға,  
Екіншісі орысты паналаған.

## МАЗМҰНЫ

Өлендер .....	4
<b>Поэмалар</b> .....	146
Аккулар ұйықтағанда .....	146
Моцарт. «Жан азасы» .....	159
Райымбек! Райымбек! .....	167

Мұқағали Макатаев

## ҮШ БАҚЫТЫМ

Өлендер, поэмалар

**Жоба жетекшісі «Атамұра» корпорациясының президенті  
Р.А. ҚҰЛ-МҰҰХАММЕД**

Бас редакторы *Ә. Пірманов*

Редакторы *Ұ. Оспанбай*

Көркемдеуші редакторы *В. Пак*

Техникалық редакторы *Ұ. Рысалиева*

Корректорлары *Ұ. Бахова, Ә. Кенжалина*

Компьютерде беттеген *Г. Тасыбаева*



ИБ №004

Теруге 08.02.2014 берілді. Басуға 03.03.2014 қол қойылды. Пішімі 84x108<sup>1/32</sup>.  
Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 10,8.  
Есептік баспа табағы 6,68. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс № 8797.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС-і. 050000, Алматы қаласы,  
Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің  
Полиграфкомбинаты. 050002. Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

ISBN 978-601-282-893-1



9 7 8 6 0 1 2 8 2 8 9 3 1